



**«Еңбек және әлеуметтік-экономикалық
реттеу бойынша жастар субмәдениеттің
зерттеу, сондай-ақ, болашақ мамандықты
болжау»**

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша сараптамалық есеп

Астана, 2016

Еңбек және әлеуметтік-экономикалық реттеу бойынша жастар субмәдениеттің зерттеу, сондай-ақ, болашақ мамандықты болжау / Изучение молодежных субкультур, по трудовой и социально-экономической адаптации, а также прогнозированию профессий будущего / Аюпова Р.Р., Аубакирова Ш.К., Казтаева С.С., Киалбекова А.Г. – Астана: «Молодежь» ҒЗО, 2016. – 102 с.

Бұл баяндамада Қазақстан аймақтарында, этникалық қарым-қатынастардың және белгілі бір санаттағы көші-қон қатынастарының шекара өңірлерінде тұратын жастардың (славян этностық топтың өкілдері) жекелеген санаттарына әлеуметтік-экономикалық және еңбекке бейімделу эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін қамтиды. Зерттеу «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген. Баяндамада әлеуметтік-көңіл күй, азаматтық белсенділік, этносаралық қарым-қатынас, құндылық бағдарлар және т.б. сұрақтары қарастырылған.

Данный доклад содержит результаты эмпирического социологического исследования социально-экономической и трудовой адаптации определенной категории молодежи (представители славянской этнической группы), проживающие в приграничных регионах Казахстана, межэтнических отношений и миграционных настроений молодежи определенной категории. Исследование было проведено Научно-исследовательским центром «Молодежь». В докладе рассмотрены вопросы социального самочувствия, гражданской активности, межэтнических отношений и т.д.

Научно-исследовательский центр «Молодежь»
010000, Республика Казахстан,
г. Астана, пр. Б. Момышулы, 19а
Тел.: +7 /7172/ 79 25 45

Мазмұны

1 тарау. Зерттеу бағдарламасы.....	4
1.1 Зерттеудің өзектілігі және тұжырымдамасы.....	4
1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.....	5
1.3 Зерттеу гипотезасы.....	6
1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау.....	6
1.5 Зерттеудің технологиялық бөлігі.....	7
2 тарау. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастың ерекшеліктері	10
Тарау бойынша қорытындылар.....	26
3 тарау. Жастардың еңбектік және әлеуметтік-экономикалық бейімделуі.....	28
3.1 Жас адамдардың еңбектікбейімделуі.....	28
3.2 Жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі.....	39
3.3 Болашақ кәсіптерді болжау.....	44
Тарау бойынша қорытындылар.....	46
4 тарау. Жастар арасындағы көші-қон көзқарасы.....	48
4.1 Жастардың көшіп-қонуы.....	48
4.2 Халықаралық ынтымақтастықтағы негізгі бағыттар.....	52
Тарау бойынша қорытындылар.....	53
5 тарау. Жастардың құндылықтар бағдары және мінез-құлық ұстанымдары.....	54
5.1 Жастардың құндылықтар ұстанымдары.....	54
5.2 Жастар өмірінің сапасын бағалау.....	58
Тарау бойынша қорытындылар.....	66
Қорытынды.....	68
Қосымша	70

1 тарау. Зерттеу бағдарламасы

1.1 Зерттеудің өзектілігі және тұжырымдамасы

Әлеуметтік ғылымда пайда болған «субмәдениет» және «жастар субмәдениеті» түсініктері қазіргі кезде қоғамдық сананың бөлігі болып табылады. «Субмәдениет» сөзі латын тілінен «sub» – «шағын» және «cultura» – «мәдениет». Басқа сөзбен айтқанда субмәдениет – бұл «шағын мәдениет», ол аса ірі мәдениетке қатысты жеке көзқарас болып табылады. Әсіресе бұл сөзді жастар бірлестіктеріне қатысты жиі қолданады. Кең таралуына және қарапайымдылығына қарамастан түрлі авторлар «жастар субмәдениеті» деген түсінікке түрлі түсініктемелер береді. Сондықтан субмәдениетті өзге түрлі жастар қауымдастықтарынан ажырата білу керек.

Жастар субмәдениеті – бұл жеткілікті деңгейде әзірленген түсіндіруші белгілері бар қауымдастықтар жүйесі: олардың дербес атауы, құндылықтар жүйесі, салт-дәстүрі, нормалары, имидждері, мінез-құлық стильдері, эстетикалық алғышарттары қалыптасқан.

«Жастар субмәдениеті» түсінігі «жастар қауымдастығы» түсінігінің жеке көзқарасы болып табылады. Қауымдастықтар құрамына түрлі типтердің топтарына кіреді – достық компаниялар, демалыс бірлестіктері, оқу-еңбек ұжымдары және т.т. Өзіндік белгілер жүйесін қалыптастырған субмәдениеттер және «қарапайым» қауымдастықтар арасындағы шекараны анықтау қиынның-қиыны.

Жастар субмәдениеті пайда болауы үшін бірқатар қалыптастырушы факторлардың үйлесуі қажет, оның ішінде саяси, әлеуметтік, экономикалық себептер, техникалық жаңалықтардың, мәдени оқиғалардың пайда болуы, көшбасшылардың қызметі, БАҚ арқылы пиар және т.т. Қандай болмасын қауымдастықтың нәтижелі өмір сүруіне біріктіруші факторлардың айтарлықтай көп болуы қажет.

Жастарды біріктіре алатын кең таралған факторларға келесіні жатқызады:

1. Біртұтас қызмет. Субмәдениеттің ең негізгі құрамын қалыптастырушы: біріккен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі адамдар бірлесулерін түсінікті етеді. Спортшылар үшін осындай субмәдениеттік қызмет ретінде спортпен шұғылдану болыптабылады; туристер үшін – сапарлар; әдебиет бірлестіктерінің қатысушылары үшін – шығармашылық, бір-бірінің шығармаларын және өзге жанрдың авторларын талқылау; агрессиялық қауымдастықтар үшін – бірігіп қақтығыстарға қатысу.

Жиі біріккен қызмет түрін субмәдениет атауынан көруге болады: бұл футбол жанкүйерлерінің субмәдениеті, руфферлер (төбелерде серуендеу), сталкеринг (тастанды ғимараттар мен аймақтарды аралау), паркур (қала кеңістігіндегі акробатика), спорттың экстремалды түрлері және т.т.

2. Музыкалық стиль. Өзіндік музыкалық стильдің болуы мықты біріктіруші фактор болып табылады, өйткені, біріншіден, бірлескен қызметті қамтамасыз етеді – концерттерге бару, әуенді тыңдау және орындау, жазбалармен ауысу. Екіншіден, субмәдениетке жаңа қатысушыларды –

музыкалық стильдің табынушыларын тартады, ол қатысушылардың құрамын жаңартып отыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, эмоционалды уайымдауға және өз ойын білдіруге көмектеседі.

3. Саяси позиция. Аталмыш біріктіруші фактор саясиландырылған топтар үшін өзекті.

4. Аса көрнекті адам саналы түрде немесе бейтарап табынушылар ортасын негізін салушы бола алады.

Субмәдениеттің пайда болуы үшін негіз болып табылатын құбылыстардан басқа субмәдениеттің өзін-өзі таныстыру элементтерін анықтауға болады (идентификациялаушы белгілер). Бұл өз-өзін атаушы, құндылықтар жүйесі, салт-дәстүр, нормалар, этика, имидж, мінез-құлық стилі, сленг.

Жастар субмәдениеті жиі өзінің идеологиясын қалыптастырады, бірақ осыған дейін айтылғандай идеологиядан субмәдениет өмір сүру стилі және мінез-құлық маңызды–субмәдениет қатысушылары стильден гөрі идеялық қағидалардан жеңіл бас тартады.

Жастар субмәдениетінің белгілер жүйесі әдетте контрмәдениеттілікті қолдайды, өздерін «ересек», басым түскен мәдениетке қарсы қояды. Кей кездері бұл деструктивті мінез-құлық көріністерінен көрінеді, олар оппозицияларға негізделеді: өнегелілік – криминалдылыққа, тұрақтылық – экстремалдылыққа, тазалық – настылыққа, байсалдылық - жүгенсіздікке. Алайда қарсы қоюшылық міндетті түрде деструктивті сипатқа ие болмайды. Атап айтсақ, егер «ересек» мәдениет пайдакүнемдік ретінде қабылданатын болса, субмәдениет құндылықтарына адал ниеттілік және өзара көмекке келу сияқты кіреді; егер «ересек» қоғам табиғатқа зардап көрсетуден тұрса, онда субмәдениеттік құндылықтарға экологиялық негіздер енгізіледі.

1.2 Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері

Аталмыш зерттеудің мақсаты жастар субмәдениеті өкілдерінің мінез-құлықтарын зерттеу болып табылады.

Қойылып отырған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі негізгі *зерттеу міндеттері* анықталған болатын:

- жастардың әлеуметтік белсенділік деңгейін анықтау;
- жастардың құндылықтар ұстанымдарын және бағдарын анықтау;
- Қазақстан жастарының жүзеге асырылып жатқан жастар саясатының жобалары мен бағдарламаларына қатысуын зерттеу;
- жастардың еңбекке бейімделуін зерделеу;
- жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуін зерттеу;
- болашақ кәсіптерді болжау;
- мүдделі органдар мен ұйымдар үшін жастардың еңбектік және әлеуметтік-экономикалық салаларда оптималды бейімделуі жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі – Қазақстанның облыстарында тұратын белгілі санаттағы жастар (ұлттық азшылдық топ өкілдері).

Зерттеу пәні – Қазақстанның облыстарында тұратын жасы 14 тен 29 жасқа дейінгі жастардың еңбектік және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда бейімделуі.

1.3 Зерттеу гипотезасы

1. Қазақстанның шекаралас аймақтарында тұрып жатқан жастар мемлекеттік тілді білу және қолдану бойынша болмашы қиындықтарға тап болуда, ол, кей кездері, өз есебінде жұмысқа орналасу кезінде проблемаларға әкеледі.
2. Жастарды бағасы және сапасы жағынан қолжетімді көршілес мемлекеттерде білім алу қызықтырады, мысалы, Ресей, Қытай, Түркия, сондай-ақ ол жақтарда ҰБТ тапсыру қажет емес.
3. Осымен қатар, білім саласындағы үштілділік реформасы жас адамдардың қазақ және ағылшын тілдерінде білім алу кезінде қиындықтар болады деген үрей туғызып отыр. Сонымен қатар, ресейлік жоғары оқу орындарының тиімді кәсіптік бағдарлау жұмысы жастардың Ресей Федерациясына ауытқуына әсер етіп отыр.
4. Павлодар және Шығыс-Қазақстан облыстарының жастары аймақтағы нашар экологиялық жағдайға байланысты басқа жаққа көшіп кеткілері келетіндерін жасырмайды.
5. Ресейде зейнеткерлікке шығу деңгейі айтарлықтай төмен және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылуы аға буын өкілдерінің көшу себебі болса, демек олардың балалары да бірге көшетіндерін тосу керек.
6. Туыстарымен қауышу және тарихи Отандарына оралуға ұмтылу шекаралас аймақтарда тұрып жатқан жастардың негізгі себебі болып табылады.

1.4 Негізгі түсініктерді интерпретациялау

Жастар – Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастағы азаматтар. Жастар – бұл ерекше әлеуметтік-жастылық топ, ол жас ерекшелік шеңберімен және өзінің мәртебесімен қоғамда ерекшеленеді: балалық шақтан жасөспірім жасқа дейін әлеуметтік жауапкершілікке ауысқанша. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам әлеуметтік тұрғыдан аяққа тұруға мүмкіндік берілетін жас адамдардың жиыны деп түсінеді, оларға жеңілдіктермен қамтамасыз етеді, бірақ социум өмірінің кейбір салаларына қатысу мүмкіндігін шектейді.

Субмәдениет – бұл жалпыға бірдей қабылданатын нормаларға сәйкес келмейтін көзқарастары, өмірге деген ұстанымдары мен мінез-құлықтары жағынан ерекшеленетін немесе бұқарадан құпия сақтайтын адамдар қауымы, бұл оларды мәдениеттің кең түсінігінің бір тармағы болса да ерекшелендіре түседі. Субмәдениет жас ерекшелігі, нәсілі, ұлттық немесе кластық ерекшелік, жынысы жағынан ерекшеленуі мүмкін.

Құндылықтар бағдары – стратегиялық өмірлік мақсаттар және жалпы дүниетаным бағдарлары ретінде қабылданатын құндылықтардың адам санасында шағылысуы.

Бейімделу (лат. бейімделу) – ағзаның, тұлғаның, олардың жүйелерінің жеке ықпал етудің сипатына немесе өмірдің жалпы өзгерген жағдайларына бейімделуі. Еңбектік бейімделу – бұл тұлғаның жаңа еңбек жағдайын игерудің әлеуметтік үрдісі, биологиялық тұрғыдан қарағанда онда тұлға да және еңбектік орта да бір-біріне белсенді түрде ықпал етіп, бейімдік-бейімдеуіш жүйелер болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық бейімделу индивидтердің, түрлі әлеуметтік-экономикалық қабаттардың және тұрғындар топтарының бойындағы кәсіпқойлық-біліктілік ресурстарды, тұлғалық әлеуетті өзінің тұтынушылығын және мүдделерін жүзеге асыру мақсатында қалыптасқан шаруашылық жағдаятқа қосу үшін рационалды және тиімді пайдалану қабілеттерімен сипатталады.

Жастардың көші-қоны, тұрғындардың жалпы көші-қонның бөлігі болып табылғандықтан осы құбылысқа тән жалпы белгілерді сақтайды, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері де бар. Жастардың көші-қоны бағыты жағынан жалпы көші-қон ағындарымен сәйкес келеді, бірақ, әдетте, бұл бағыттылық нақты көрінеді. Жастардың көші-қон бағдары қатаң түрде өмір деңгейлері жақсы аймақтар жағына қарай, ірі қалаларға бағытталған. Сондай-ақ олар үшін жақсы өмір жағдайы, аға буын өкілдеріне қарағанда, оқу, жұмысқа орналасу және ақша табу мүмкіндіктерімен шектелмейді. Жас буын көшкісі келетін елдімекендерге сонымен қатар мәдени сұранымдардың қанағаттандырылуын талап етеді. Жастардың көші-қон түсінігі жастардың түрлі аймақтық ауысуларды да қамтиды.

1.5 Технологиялық бөлім

Таңдау жиынтығының көлемі 2 000 сұраққа жауап берушіні құрайды. Социологиялық зерттеуді жүргізу аймағы – Қазақстанның шекаралас облыстары, сондай-ақ, славян ұлттық топтарының (орыс, белорус, украин, поляк, болгар, мари́йлер, мордвин, молдавандар және басқалар) жастары көп шоғырланған облыстар:

1. Ақмола
2. Шығыс-Қазақстан
3. Батыс-Қазақстан
4. Қарағанды
5. Қостанай
6. Павлодар
7. Солтүстік-Қазақстан

Зерттеу барысында стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Алдымен, елдің жеті аймағы бойынша облыстары тұрғындарының санына қарай талдау жасалды. Әрі қарай қала–ауыл бойынша таңдау жүргізілді – әр облыс бойынша қалалық және ауылдық тұрғындардың көлемі есептелінді.

Аталмыш зерттеу барысында зерттелетін бірліктерді таңдау бірнеше сатыда жүргізілді: мүмкіндік дизайн таңдауы қолданылды. Мүмкіндік дизайн таңдауы бойынша кез келген адам (14 жастан 29 жасқа дейінгі) жиынтық шегінде талдауға қатысуға таңдалып алынуға тең мүмкіндікке ие болады. Стратификацияланған көпсатылы таңдау әдісі қолданылды. Атап айтсақ, негізгі страт болып келесілер таңдалды:

1 саты. Облыстар бойынша таңдау – облыстар бойынша 14 жастанасқан, елдің жеті аймағы облыс орталықтары, шағын қала, аудан орталығы және селолар (ауыл поселкі) бойынша тұрғындар санына қарай таңдау көлемі анықталды.

2 саты. Қала-ауыл принципі бойынша таңдау – әр облыста қалалық және ауылдық таңдаудың көлемі есептелді.

3 саты. Таңдау ұлттық ерекшелік принципі бойынша. Аталмыш зерттеу сатысында принципіалды тұрғыдан славян ұлттық тобының жастарын қатыстыру маңызды болып табылады.

4 саты. Жауап берушілерді квотаға сәйкес таңдау – жекелеген үйде сұраққа жауап берушілер екі тетік бойынша таңдалады: жыныстық, жас ерекшелігіне сәйкес квота – сұраққа жауап берушінің жасы 14 жастан кем емес және 29 жастан аспауы тиіс, сондай-ақ жынысы жағынан репрезентативті таңдау болуы шарт (сұраққа жауап беретін әйелдер мен ерлердің саны әр облыс, қала және село бойынша Статистика комитетінің деректеріне сәйкес есептелініп алынды).

1 кесте. Жоба бойынша таңдау ерекшелігі, адам

	Бүкіл мақсатты топ	Ерлер	Әйелдер	Қалалық	Ауылдық	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Ақмола	232	118	114	106	126	63	74	95
Батыс-Қазақстан	211	108	103	103	108	51	70	90
Қарағанды	444	226	218	348	96	111	142	191
Қостанай	285	145	140	148	137	66	88	131
Павлодар	233	119	114	163	70	56	72	105
Шығыс-Қазақстан	431	220	211	267	164	103	134	194
Солтүстік-Қазақстан	164	84	80	72	92	44	52	68

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2016 жылғы мәліметтері бойынша

Жүргізілген зерттеуде қолданылған сауалнама техникасы – бұл сұхбат алушының қатысуымен өзіндік толтыру. Сұхбат алушы жауап берушіге сауалнаманың барлық сұрақтарымен мұқият танысуын және қажет жауап нұсқасын дөңгелек сызу жасап, таңдауды сұрайды. Егер жауап беруші өз пікірін немесе жауап нұсқалары арасында берілмеген басқа пікірді білдірген жағдайда өз жауап нұсқасын «басқа» деген графасына жазады.

Алынған деректерді тексеру үшін, атап айтсақ интервьюерлердің жұмыс сапасын тексеру мониторингін және сауалнаманы жалған толтырудан сақтану үшін толтырылған сауалнаманың жалпы көліменен 30% зерттеуге қатысқан жауап берушілерден телефон арқылы жауап алу арқылы кеңістікке бақылау жүргізілді.

Ақпаратты жинау әдісі

Ақпаратты жинау әдісі 14 жастан 29 жасқа дейінгі жастарды жаппай сауалнаманы өзіндік толтыру әдісі. Аталмыш әдіс Қазақстанның жастар ортасындағы объективті ақпаратты жинауға, сондай-ақ жас қазақстандықтардың негізгі тұтынымдары мен әлеуметтік тәжірибелерін анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жаппай пікіртерім нәтижелері негізінде жаппай мінез-құлық туралы болжау жасалды.

Жаппай сұрау әдісі шеңберінде ақпаратты жинау сұраққа жауап берушілердің тұрғылықты мекенжайы бойынша (пәтердегі сауалнама деп аталады), немесе нақты оқу/жұмыс/жұмыспен қамту орталықтарында (жедел іздестіру үшін және мақсатты топ мүшелерімен бірден тілдесу үшін) немесе мақсатты топтың көп шоғырланатын орындарда (потенциалды жауап берушілер) жүргізілді. Таңдалып алынған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Ақпаратты талдау әдістері

Бірінші реттегі әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) Мәліметтерді бірөлшемді, екіөлшемді талдау;
- 2) Корреляциялық талдау;
- 3) Кластерлік талдау.

Социологиялық зерттеуді өткізу мерзімі: қараша, 2016 жыл.

2 тарау. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың ерекшеліктері

Ұлтаралық келісімді сақтау Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізі болып табылады. Этностық келісім, Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлттар мен ұлттық топтардың тең құқық идеясы заң нормасы және қазақстандық қоғамның ең басты құндылықтарының бірі. Мемлекет ішінде бірігусіз алға жылжу, экономиканы тұрақтандыру, реформаларды одан әрі жүргізу мүмкін емес. Жаңа қоғамды құру жолы қарсы тұру арқылы емес халықтар арасындағы келісім арқылы жүзеге асырылатындығын өмірдің өзі дәлелдейді. Сондықтан ұлтаралық келісімді нығайту қазақстандық қоғамның басты басымдығы болып табылады.

Республика аймақтарында ұлтаралық қатынастардың ағымдағы жағдайын анықтау үшін жауап берушілерге келесі сұрақ қойылды: **«Сіз тұрып жатқан елдімекенде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қалай дамып келе жатыр деп есептейсіз?»**

Зерттеу нәтижелері бойынша жауап берушілердің басым көпшілігі (48,4%) түрлі ұлттар арасындағы адамдардың қарым-қатынасын бейбіт және байсалды деп бағалайды (1 диаграмма). Әр үшінші адам өзінің елдімекеніндегі ұлтаралық ортаны өзара сыйластыққа негізделген достық қарым-қатынас деп бағалайды (36,6%). Әр оныншы жауап беруші «бейтарап, әр адам өз бетінше, ешкімнің басқа ұлттарда жұмысы жоқ» жауап нұсқасын таңдады. Жауап берушілердің 1,9% олардың аймағындағы ұлттар арасындағы қарым-қатынасты сенімді емес және күдікті сипаттауға болады деп есептейді. Тек жауап берушілердің 0,7% ғана аталған жағдайды қақтығысты деп белгілеп отыр.

1 диаграмма. «Сіз тұрып жатқан елдімекенде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қалай дамып келе жатыр деп есептейсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Аймақтық жағынан алғанда пікірлерінде көрінетіндей айырмашылықтар анықталмады. Алайда Қарағанды облысын айырықша

көрсетуге болады, ондағы жауап берушінің әр бесіншісі аймақтағы түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынасты не оң әлде теріс тенденцияға қарағанда көбірек нейтралды ретінде сипаттауға болады деп есептейді. Сондай-ақ Қостанай облысын белгілеуге болады, осы аймақтағы славян этносының өкілдері аймақта айтарлықтай бақуатты ұлтаралық жағдай қалыптасып келеді деп есептейді, ол кез келген агрессияның және жан-жалдық түрін жояды (1 кесте).

1 кесте. «Түрлі ұлттар арасындағы қатынастар қалай дамып келе жатыр деп есептейсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Өзара сыйластыққа негізделген достық қарым-қатынас	46,1	33,2	32,2	32,7	34,6	42,9	42,7
Бейбіт, тыныш қарым-қатынас	41,8	55,7	48,8	45,5	57,3	43,8	37,2
Бейтарап, әр адам өз бетінше және ешкімнің басқа ұлттарда жұмысы жоқ	9,1	8,4	13,3	17,3	6,3	11,6	11,6
Сенбеушілік, күдіктілік	1,7	1,4	1,4	3,2	-	1,3	4,9
Дұшпандық, агрессиялық, қақтығыстық	0,4	-	0,9	1,6	-	-	2,4
Жауап беруге киналамын	0,9	1,6	3,3	0,7	2,4	1,3	2,4

Қазақстандағы ұлтаралық атмосфераны динамикада зерттеу үшін соңғы жыл ішінде түрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас қаншалықты өзгергенін анықтау дұрыс болады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, бір жыл ішінде ұлтаралық қарым-қатынас саласында айтарлықтай өзгерістер орын алмаған көрінеді (52,9%). Жауап берушілердің оң өзгерістер тенденциясының сомасы 38,1% құрайды. Және славян этностық тобы өкілінің әр жиырмамыншы жауап берушісі өткен жыл ішінде ұлтаралық саладағы жағдайды болмашы нашарлады деп белгілеген. Сондай-ақ қазақстандықтардың 4,3% осы сұраққа жауап беруге киналды. Бұл олардың осы проблема туралы ойланбағанын көрсетеді, сондықтан сауалнама жүргізу кезінде оларға бұл мәселе бойынша қандай да бір пікір қалыптастыру қиынға соқты (2 кесте).

2 кесте. «Сіз тұрып жатқан елдімекенде соңғы жыл ішінде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қаншалықты өзгеріске ұшырады деп есептейсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Айтарлықтай жақсарды	14,0
Жақсарды деп ойлаймын	24,1
Еш өзгерген жоқ	52,9
Нашарлады деп ойлаймын	3,9
Айтарлықтай нашарлады	0,8
Жауап беруге киналамын	4,3

Аймақтық деңгейде Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында ұлтаралық қатынастардың нашарлағаны байқалады, - осылай славян этностық тобының әр жиырмасыншы өкілі белгіледі.

3 кесте. «Сіз тұрып жатқан елдімекенде соңғы жыл ішінде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қаншалықты өзгеріске ұшырады деп есептейсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Айтарлықтай жақсарды	31,5	7,9	13,3	11,7	14,0	9,9	18,9
Жақсарды деп ойлаймын	22,4	21,6	31,8	17,8	33,6	27,9	18,3
Еш өзгерген жоқ	41,4	62,2	48,3	57,2	47,2	55,4	45,1
Нашарлады деп ойлаймын	1,3	0,9	3,3	8,3	1,4	3,4	9,1
Айтарлықтай нашарлады	1,3	1,2	-	1,4	0,3	-	0,6
Жауап беруге қиналамын	2,2	6,3	3,3	3,6	3,5	3,4	7,9

Сондықтан жауап берушілердің көп бөлігі өздерінің елдімекендеріндегі ұлтаралық қатынасты бақуатты және достық деп сипаттайды, осылай әсіресе Қостанай облысының жас славяндары есептейді. Сондай-ақ, жағдайды динамикада зерттеу кезінде ұлтаралық ортада өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар орын алмағанын атап өткен жөн. Алайда Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында ұлтаралық қатынастардың біршама нашарлағанын көруге болады.

Жас жауап берушілер жауап берген келесі сұрақ, субъектілерге қатысты болды, жауап берушілердің пікірінше, олардың әрекетінен Қазақстанда өздері өкіл болып табылатын ұлттың мәдениеті, тілі, дәстүрінің сақталуы байланысты. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтардың көпшілігі осындай субъект мемлекет болып табылады деп есептейді. Нақты оның назарынан және қолдауынан елдегі түрлі ұлттардың мәдени мұрасының сақталуы байланысты. Біраз қалып, мәдени мұраның сақталуы бірінші кезекте отбасына байланысты, олар ұлттық мәдениеттің ата-анадан балаларға табыстаушы транслятор болып табылады деген көзқарас орын алып отыр. Әр оныншы жауап беруші аталған қызметті елдің оқу орындарына (мектеп, колледж, университеттер) жүктейді екен. Жас славяндардың 3,5% және 4,3%

олардың мәдени ерекшеліктерін сақтау мәселесі сәйкесінше ұлттық-мәдени орталықтар мен Қазақстан жылқы Ассамблеясының қызметіне байланысты деп есептейді (2 диаграмма).

2 диаграмма. «Қалай есептейсіз, Қазақстанда Сіздің ұлтыңыздың мәдениеті, тілі, дәстүрлерін сақтау кімге байланысты?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Аймақтар бойынша жасалған талдау орташа көрсеткіштен кейбір айырмашылықтар бар екенін көрсетіп отыр. Атап айтсақ, Қарағанды облысы жас тұрғындарының жартысына жуығы республикада мәдени дәстүрлерді сақтау көбіне мемлекеттің аталмыш мәселе бойынша саясатына тікелей байланысты деп есептейді. Соншамаға жуығы Қостанай облысының славян этносының өкілдері аталған міндет жеке алған қазақстандық отбасының міндеттеріне кіреді деп санайды. Шығыс-Қазақстан облысының әр бесінші отбасының тұрғыны бұл қызметті мектеп оқу орындары атқаруы тиіс деп есептейді.

4 кесте. «Қалай есептейсіз, Қазақстанда Сіздің ұлтыңыздың мәдениеті, тілі, дәстүрлерін сақтау кімге байланысты?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Қолдауға, мемлекет тарапынан осы мәселеге деген көзқарасына	41,4	34,8	37	44,4	32,9	40,3	42,7
Мектеп, оқу мекемелеріне	13,4	20,4	9,5	9,0	10,5	14,2	7,3

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Ұлттық мәдениетін сақтап, өз балаларына табыстап отырған отбасына	29,7	31,8	33,2	35,1	47,9	33,9	35,4
Ұлттық-мәдени орталықтарға	3,0	3,5	4,3	4,1	2,1	3,4	4,3
Қазақстан халқы Ассамблеясына	7,3	3,7	9,5	2,9	3,8	3,9	0,6
Жауап беруге қиналамын	5,2	5,8	6,6	4,5	2,8	4,3	9,8

Түрлі ұлт өкілдері арасында некелерін тіркеу қазақстандық қоғам үшін бейтаныс және жаңалық болып саналмайды. Атап айтсақ, кеңес дәуірінде ұлтаралық некелер, 1970 жылы өткізілген санақ деректері бойынша, 20,6% құраған, ал 1979 жылы – 21,5%, 1989 жылы – 23,9% жетті. 1999 жылдан бастап 2005 жылға дейін – ұлтаралық некелердің үлес салмағы 21,4 дан 18,8% дейін төмендеді. 2009 жылы ұлтаралық некелердің үлес салмағы жалпы некелердің санынан 18,1% құрады, 2010 жылы – 17,5%, 2012 – 16,2% жетті.¹

Аталмыш сауалнама барысында зерттеу міндеттерінің бірі жас славяндардың ұлтаралық некелерге көзқарасын анықтау болып табылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, осы мәселеге қатысты қоғамдық пікірді жеке алып қарастыру мүмкін болып табылмайды. Өйткені жауап берушілердің 30,8% ұлтаралық некелерге көзқарастары оң екенін көрсетіп отыр, ол Қазақстан халқын одан сайын біріктіре түседі деп санайды. Дәл осындай көрсеткішті жауап берушілер «нейтралды» деген жауапты таңдағанын көрсетеді, себебі олар бұл әрбір азаматтың жеке ісі деп санайды. Және тағы осындай жауап берушілердің жауап үлесі (28,5%) адамның ұлты өзіне жар таңдағанда маңызды емес деп есептейді, өйткені бұл құбылысқа «оң көзқарас шығар» деген жауап берген. Бұл сұраққа қарсы шыққан жауаптардың сомалық көрсеткіші 7% құрайды – яғни сонша жас қазақстандық ұлтаралық некелерді проблемалық және ажырасуға апарады деп отыр (3 диаграмма).

¹ <http://demoscope.ru>

3 диаграмма. «Сіз ұлтаралық некелерге қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Аймақтар жағынан келер болсақ Қостанай облысын атап өтуге болады, аймақтың жауап берушілері ұлтаралық некелерге жақсы көзқарас танытанын байқатады (көрсеткіштің сомалық үлесі 70,6%). Бұл мәселеге қарсы көзқарас танытқандар арасында Батыс-Қазақстан мен Солтүстік-Қазақстан облыстарын атаған дұрыс, осы аймақтарда тұратын әр оныншы тұрғыны ұлтаралық некелерге жол берілмеуі тиіс деп есептейді (5 кесте).

5 кесте. «Сіз ұлтаралық некелерге қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Оң, ұлтаралық некелер Қазақстан халқын біріктіре түседі	39,2	29	39,8	25,9	35,3	26,6	23,8
Оң деп ойлаймын, өйткені өмірлік жұбайын таңдағанда ұлттың (бір ұлттық топтың) еш маңызы жоқ	23,3	28,1	20,9	32,7	35,3	27,5	25,0
Бейтарап, әр адам өзіне жарды ерікті таңдау құқықтарына ие	26,3	30,4	25,1	33,1	25,2	37,8	36,0
Теріс деп ойлаймын, ұлтаралық некелер проблемалар тудырады	4,7	5,6	7,1	4,5	1,7	3	9,1
Теріс, ұлтаралық некелер ажырасуға апарады	5,2	2,8	3,3	1,1	0,3	1,7	1,8
Жауап беруге қиналамын	1,3	4,2	3,8	2,7	2,1	3,4	4,3

Әрі қарай жауап берушілерге 7 пікірден тұратын тізім ұсынылды, олар бұл пікірлермен келісулері немесе келіспеулері талап етілді. Бірінші пікір

«жарынды таңдағанда оны өз ұлтыңның арасынан іздестірген жақсы» деген болды, жас славяндардың көп бөлігі бұл пікірмен келіспеді, өйткені «келіспейтін шығармын» және «келіспеймін» деген жауаптардың сомалық көрсеткіші 50,5% құрады, ал «келісемін» және «келісетін шығармын» деген жауаптардың үлесі 39,5% тең болды. Екінші пікір «басқа мәдениет, басқа салттар, әдеттерді ұстанатын адамдар қоршаған адамдарды қорқытады немесе мазасыздандырады» сондай-ақ жауап берушілердің ұстанымдары мен көзқарастарына сәйкес келмейді, бұл пікірмен қазақстандықтардың 69,8% келіспеді. Үшінші пікірге келетін болсақ, ол былай берілген: «ұлттық белгілер бойынша барлық құқықтарды шектеу түрлері заңсыз деп танылу және қатаң жазалануы тиіс» бұл пікірмен жауап берушілердің басым көпшілігі келісті, олар 73,8% құрады. «Кез келген ұлтаралық қақтығысты ымыраға келу және өзара келісімге келу арқылы шешуге болады» деген пікірмен жас славян тобының өкілдерінің көпшілігі келісті (87,1%). «Ең бастысы азшылдықта қалған және басқаларға ұқсас емес көзқарас және мінез-құлық танытатындардың құқықтарын қорғау маңызды» деген пікірмен келіскендердің сомалық көрсеткіші 69,4% құрады. Қалған екі пікірді: «әр ұлттың өкілдері өз ата-бабаларының жерлерінде тұрулары тиіс» және «көпұлтты мемлекетте саяси билік тұрғылықты көпшілік халықтың қолында болуы тиіс» жас славяндар, керісінше, қолдамады, жауаптар сәйкесінше 62,4% және 54,2% болды (6 кесте).

6 кесте. «Төмендегі қай пікірмен Сіз келісесіз, қайсысымен - келіспейсіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	Келісемін	Келісетін шығармын	Келіспейтін шығармын	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
Жарды өз ұлтыңның адамдары арасынан таңдаған дұрыс	21,8	17,7	23,8	26,7	9,9
Басқа мәдениет, басқа салттар, әдеттерді ұстанатын адамдар қоршаған адамдарды қорқытады немесе мазасыздандырады	4,9	15,7	29,2	40,6	9,6
Ұлттық белгілер бойынша барлық құқықтарды шектеу түрлері заңсыз деп танылу және қатаң жазалануы тиіс	40,5	33,3	7,6	7,2	11,3
Кез келген ұлтаралық қақтығысты ымыраға келу және өзара келісімге келу арқылы шешуге болады	54,9	32,2	3,7	2,5	6,6

	Келісемін	Келісетін шығармын	Келіспейтін шығармын	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
Ең бастысы азшылдықта қалған және басқаларға ұқсас емес көзқарас және мінез-құлық танытатындардың құқықтарын қорғау маңызды	32,7	36,7	10,4	3,3	16,8
Әр ұлттың өкілдері өз ата-бабаларының жерлерінде тұрулары тиіс	9,4	15	25,8	36,6	13,1
Көпұлтты мемлекетте саяси билік тұрғылықты көпшілік халықтың қолында болуы тиіс	9,5	18,6	22,9	31,3	17,6


Сондықтан, славяндардың ұлтаралық қатынастарға қатысты ұстанымдарын позитивті деп атауға болады. Жауап берушілердің көп бөлігі түрлі ұлттар арасындағы некелерді қолдап, жарынды таңдағанда өз ұлтыңның арасында таңда деген пікірді қолдамай отыр. Сондай-ақ жауап берушілер арасында кемсітуді дұрыс емес және кез келген жанжалды дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге болады деп санайтындар саны көп болып отыр. Қоғамдағы төзімділік градусына қатысты сөз ететін болсақ, оны да оң деп атауға болады, өйткені сауалнамаға қатысушылардың көп бөлігі әр ұлттың өкілдері өз ата-бабаларының жерлерінде тұрулары тиіс деген пікірді қолдамады.

Әрі қарай ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін әр жауап берушінің көзқарасынан жеке зерттеу болып табылды. Бұл орайда 2015 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда 463 этномәдени бірлестік қызмет атқарғанын атап өткен жөн.²

Жауап берушілерге **«Жеке өзіңіз ұлттық-мәдени орталықтар өткізетін шараларға қатысып көрдіңіз бе?»** деген сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, жас славяндардың басым көпшілігі республиканың ұлттық-мәдени орталықтарының қызметіне қатыспайды екен (64,9%). Өткізілген шараларға қатысқандардың ішінде әр бесіншісі осындай шараларға бірнеше рет қатысқан, тек жауап берушілердің 5,6% осындай шараларға сан рет қатыстым деседі. Сонымен қатар жауап берушілердің 7,4% ұлттық-мәдени орталықтар олардың елдімекендерінде шараларды өткізбейтінін алға тартты (4 диаграмма).

²www.assembly.kz

4 диаграмма. «Жеке өзіңіз ұлттық-мәдени орталықтар өткізетін шараларға қатысып көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Аймақтық деңгейдегі жиілік бөлінулерді талдау ұлттық-мәдени орталықтар қызметіне атсалысатын жас славяндардың ең жоғары белсенділігі Батыс-Қазақстан облысына тиіселі екенін көрсетті, аймақтың әр үшінші тұрғыны осындай шараларға қатысады екен. Рейтингтегі екінші және үшінші орынды Солтүстік-Қазақстан және Павлодар облыстарының жастары иеленген, себебі осы аймақтарда тұратын әр төртіншісі осындай шараларға бірнеше рет қатысқан болып шықты. Ең жоғары пассивтілікті Ақмола облысының жастары көрсетіп отыр, олардың 75% ұлттық-мәдени орталықтардың шараларына қатыспайды екен. Қостанай және Шығыс-Қазақстан облыстарының жас адамдары осындай шаралардың өткізілмейтініне шағымданды, бұл аймақтарда жауап берушілердің сәйкесінше 17,1% және 12,3% пікірі бойынша ұлттық-мәдени орталықтар олардың аймақтарында ешбір шара ұйымдастырмайтын көрінеді (7 кесте).

7 кесте. «Жеке өзіңіз ұлттық-мәдени орталықтар өткізетін шараларға қатысып көрдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Сан рет қатыстым	6,9	5,3	3,8	7,4	3,1	4,7	7,3
Бірнеше рет қатыстым	13,8	13,7	32,7	20,7	12,2	23,6	25,0
Жок	75,0	62,9	54	65,5	65,7	68,2	62,2
Бізде осындай шаралар өткізілмейді	2,6	12,3	6,2	3,6	17,1	3,0	2,4
Жауап беруге қиналамын	1,7	5,8	3,3	2,7	1,7	0,4	3,0

Елдің көпұлтты құрамының мемлекеттің дамуына ықпалын анықтау мақсатында жауап берушілерге қойылған келесі сұраққа, нақты жауап алынды, бұл құбылысқа олардың басым көпшілігі оң көзқараспен қарап (72,3%), көпұлттылықты Қазақстанның басымдығы ретінде сипаттайтынын алға тартуға болады. Сонымен бірге әр бесіншісі бұл пікірге нейтралды көзқарас танытып, құбылыстың елдің дамуына еш ықпал етпейді деп отыр. Жауап берушілердің тек 2,2% құрамның көпұлттылығы проблемалар тудырады және республиканың дамуына кедергі келтіреді деп есептейді (8 кесте).

8 кесте. «Қалай есептейсіз, тұрғындардың көпұлттылығы Қазақстанның дамуына оң немесе теріс ықпал етеді ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Оң ықпал етеді, көпұлттылық – басқа елдерге қарағанда бұл Қазақстанның басымдылығы, ол қоғамды, мәдениетті байытады, елдің дамуына ықпал етеді	72,3
Еш ықпал етпейді	20,2
Теріс, тұрғындардың көпұлттылығы проблемалар, қақтығыстар тудырып, Қазақстанның дамуына кедергі келтіреді	2,2
Жауап беруге қиналамын	5,2


Аймақтық бөлінулер тұрғысынан алатын болсақ жағдай келесідей болады: республиканың ұлттық құрамы жағынан оның дамуына ықпал етуін ең позитивті көзқарасты Ақмола, Қостанай және Павлодар облыстарының славяндері көрсетіп отыр, сәйкесінше 78,9%, 77,3% және 78,1%. Нейтралды көзқарасты Шығыс-Қазақстан облысының жастары ұстанып отыр, бұл аймақта әр үшіншісі екі құбылыс арасында ешбір ықпал анықталмайды деп есептейді.

9 кесте. «Қалай есептейсіз, тұрғындардың көпұлттылығы Қазақстанның дамуына оң немесе теріс ықпал етеді ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Оң ықпал етеді, көпұлттылық – басқа елдерге қарағанда бұл Қазақстанның басымдылығы, ол қоғамды, мәдениетті байытады, елдің дамуына ықпал етеді	78,9	65	73,9	68,9	77,3	78,1	72,0
Еш ықпал етпейді	14,7	27,6	19,4	23,2	15,7	15,5	15,9
Теріс, тұрғындардың көпұлттылығы проблемалар, қақтығыстар тудырып, Қазақстанның дамуына кедергі келтіреді	2,2	1,6	1,9	2,5	1,4	3,4	3,0
Жауап беруге қиналамын	4,3	5,8	4,7	5,0	5,6	3,0	9,1

Ұлтаралық қатынастар негізінде қақтығыстар туындау мүмкіндігін анықтау үшін жауап берушілерге «Қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық жан-жалдар туындау қауіпі бар ма» деген сұрақ қойылды. Зерттеу нәтижелері бойынша жас славяндардың басым көпшілігі олардың тұрғылықты елдімекендерінде ұлтаралық қақтығыстар болу мүмкін емес деп есептейді (55,3%). Сондай-ақ әр үшіншісі шағын, болмашы тұрмыстық қақтығыстар болуы мүмкін дейді (34,7%). Ұлтаралық қақтығыстар болу қауіпі туралы жас қазақстандықтардың 4,4% айтуда. Бұл сұраққа жауап берушілердің 5,5% жауап беруге қиналғандарын атап өткен абзал. Бұл олардың осы мәселеге көңіл аудармай жүргендерін көрсетеді.

5 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық жан-жалдар туындау қауіпі бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Аймақтардағы жағдай жалпы елдегі орташа жағдайынан ерекше екенін көруге болады. Атап айтсақ, ұлтаралық жан-жалдар болу қауіпін барлығынан Қостанай (66,8%) және Ақмола облыстарының (63,8%) жас славяндерінің көбісі жоққа шығарып отыр. Қарағанды облысының жауап берген жастардың жартысына жуығы олардың тұратын жерлерінде шағын, болмашы тұрмыстық жан-жалдар болу мүмкіндігін (43,7%) көрсетуде. Өте назарға алатындай жағдай Солтүстік-Қазақстан облысында байқалады, осы аймақтың жас славян өкілдерінің әр оныншыға жуығы ұлтаралық қақтығыстар болу қауіпі бар деп есептейді.

10 кесте. «Қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық қақтығыстар туындау қауіпі бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар жағынан, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Жоқ, біздің елде ұлтаралық қ жан-жалдардың болуы екіталай	63,8	58,5	52,6	46,6	66,8	52,4	45,7
Шағын, болмашы тұрмыстық жан-жалдар	28,0	29,9	36,5	43,7	25,9	38,6	39,6
Ұлтаралық жан-жалдар болу қауіпі бар, оған көптеген адам қатысуы мүмкін	4,3	3,2	3,8	4,5	4,2	5,6	7,3
Жауап беруге қиналамын	3,9	8,4	7,1	5,0	3,1	3,4	7,3

Жас қазақстандықтардың пікірінше өздері тұратын елдімекендерінде ұлтаралық қақтығыстардың негізгі себептері ретінде қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары (29,9%), баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы (25,2%) және ұлттық негіз тұрғысынан жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе жұмыстан босату (24,2%) болып табылады дейді. Сондай-ақ ұлтаралық қақтығыстардың негізгі себептері ретінде көшіп келушілердің көп болуы, келушілер тұрғылықты тұрғындардың тыныштығын бұзуы (22,5%), мемлекеттік тілді білудегі қиындықтар (20,8%), провокациялар, ұлтшыл ұйымдардың күрт әрекеттері (19,9%) және түрлі ұлттар арасындағы нашар қарым-қатынас, ертеден келе жатқан жек көрушілік (18,2%). Ұлтаралық қақтығыстардың негізгі себептері ұлттық қылмыстылық топтарының, ұлттық криминалды элементтердің әрекеттері (13,2%) және түрлі ұлт өкілдері кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік (5,6%) болып табылады. Бұл ретте бұл сұраққа жауап берушілердің әр бесіншісі жауап беруге қиналғандарын атап өткен жөн. Бұл осы уақытқа дейін жауап берушілердің 18% осы мәселеге көңіл аудармай жүргендерін көрсетеді. Сондай-ақ жауап берушілердің тек 0,2% ұлтаралық қақтығыстардың себептері жоқ және болу да мүмкін емес дейді (11 кесте).

11 кесте. «Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық қақтығыстың себебі болуы мүмкін нені белгілер едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы	25,2
Көшіп келушілердің көп болуы, келушілер тұрғылықты тұрғындардың тыныштығын бұзуы	22,5
Түрлі ұлттар арасындағы нашар қарым-қатынас, ертеден келе жатқан жек көрушілік	18,2
Қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары	29,9
Мемлекеттік тілді білудегі қиындықтар, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру	20,8
Түрлі ұлт өкілдері кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік	5,6
Ұлттық белгілер бойынша құқықтардың бұзылуы, ұлттық негіз тұрғысынан жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе жұмыстан босату, жұмыстағы дискриминациялау	24,2
Ұлттық қылмыстылық топтарының, ұлттық криминалды элементтердің әрекеттері	13,2
Провокациялар, ұлтшыл ұйымдардың күрт әрекеттері	19,9
Басқа	0,1
Ондай себептер жоқ	0,2
Жауап беруге қиналамын	18,0

Аймақтық жағынан осы мәселеге қатысты жағдай біршама басқаша екені байқалады: жиі ұлтаралық қақтығыстардың қауіпі баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуын Павлодар облысының тұрғындары белгілеп отыр (30%). Дәл осындай жағдай Шығыс-Қазақстан облысының тұрғындары себеп ретінде көшіп келушілердің көп болуы, келушілер тұрғылықты тұрғындардың тыныштығын бұзуын көрсетті. Сонымен қатар Шығыс-Қазақстан облысының сауалнамаға қатысушылары осындай жан-жал түрлі ұлттар арасындағы нашар қарым-қатынас, ертеден келе жатқан жек көрушілік (24,6%) салдарынан болуы ықтимал деп отыр. Ақмола және Павлодар облыстарында тұратын жастар сәйкесінше 39,2% және 36,5% қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары түрлі ұлттар арасындағы жан-жалдың негізгі себебі болуы мүмкін деп белгілеген. Қостанай облысы тұрғындарының пікірінше ұлтаралық жан-жалдың себебі ретінде мемлекеттік тілді білмеу (32,2%) және қылмыстылық топтардың әрекеттері болуы мүмкін деп отыр (20,6%). Ұлттық белгілер бойынша құқықтардың бұзылуы жан-жалдың негізгі себебі ретінде Қостанай, Павлодар және Солтүстік-Қазақстан облыстарының әр үшінші жауап берушісі белгілеген. Сондай-ақ Солтүстік-Қазақстан облысының тұрғындары ұлтаралық жан-жалдың негізгі себебі ретінде провокациялар, ұлтшыл ұйымдардың күрт әрекеттері (28,7%).

12 кесте. «Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық жан-жалдың себебі болуы мүмкін нені белгілер едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы	27,6	21,1	21,8	27,7	22,7	30	27,4
Көшіп келушілердің көп болуы, келушілер тұрғылықты тұрғындардың тыныштығын бұзуы	21,1	30,2	21,3	21,2	11,2	25,3	25,6
Түрлі ұлттар арасындағы нашар қарым-қатынас, ертеден келе жатқан жек көрушілік	19,0	24,6	11,4	16,7	10,1	21,0	23,2
Қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары	39,2	22,7	24,6	35,8	21,7	36,5	31,7
Мемлекеттік тілді білудегі қиындықтар, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру	23,7	17,4	25,1	16,0	32,2	21,9	11,6
Түрлі ұлт өкілдері кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік	5,2	6,5	9,0	3,6	7,0	5,2	3,7
Ұлттық белгілер бойынша құқықтардың бұзылуы, ұлттық негіз тұрғысынан жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе жұмыстан босату, жұмыстағы дискриминациялау	23,3	17,9	15,2	20,7	35,3	31,8	33,5
Ұлттық қылмыстылық топтарының, ұлттық криминалды элементтердің әрекеттері	11,2	7,9	18,0	13,7	20,6	11,2	12,2
Провокациялар, ұлтшыл ұйымдардың күрт әрекеттері	21,1	15,8	16,6	19,1	20,3	24,5	28,7
Басқа	-	-	-	-	-	-	1,2
Ондай себептер жоқ	-	-	-	-	1,4	-	-
Жауап беруге қиналамын	9,1	17,6	24,2	18,2	22,0	13,3	23,2

Әрі қарай жауап берушілерден соңғы жыл ішінде олардың ұлттық белгілер бойынша құқықтарының бұзылу фактілер орын алғандығы жайлы сұрақ қойған орынды болады деп есептелінеді. Социологиялық сауалнаманың нәтижелері бойынша жауап басым көпшілігі ұлттық негізде құқықтарының бұзылу фактілері орын алмағандарын алға тартады (77,5%). Жауап берушілердің 8,3% өз бастарынан ондай жағдайды кешіргендерін, алайда осындай жағдайларды бастарынан өткізген адамдарды білетіндерін көрсетті. Жас славяндардың 7,3% соңғы жыл ішінде ұлттық белгілер бойынша құқықтарының бұзылуы жеке жағдайлар болғандығы жайлы жауап берді. Және қатысушылардың 3,5% ұлттық негізде олардың кемсітулермен бірнеше рет кезіктіргенін көрсетті (6 диаграмма).

6 диаграмма. «Жеке өз басыңыз соңғы жыл ішінде ұлттық ерекшелікке байланысты құқықтарыңыздың кемсітулерін кезіктірдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Аумақтық жағынан жасалған талдау Қостанай облысында жағдай көңіл қоншытатынын көрсетіп отыр, осы аймақтың жауап берушілерінің басым көпшілігі (91,6%) соңғы жыл ішінде ұлттық белгілер бойынша құқықтарының кемсітулерімен кезікпеген. Керісінше жағдай Шығыс-Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында орын алып отыр, осы аймақтардың әрбір оныншы славян халықтарының жас өкілдері осындай жағдайларды бастарынан өткізген. Батыс-Қазақстан және Солтүстік-Қазақстан облыстарының тұрғындары сәйкесінше 11,8% және 10,4% өздері ондай жағдайды бастарынан кешірмегенімен, өздерінің достары мен таныстары жайлы олай айта алмайтынын алға тартты.


13 кесте. «Жеке өз басыңыз соңғы жыл ішінде ұлттық ерекшелікке байланысты құқықтарыңыздың кемсітулерін кезіктірдіңіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Иә, өзім бірнеше рет бастан өткіздім	6,0	2,3	4,3	5,2	0,7	3,4	2,4
Ұлттық ерекшелікке байланысты менің құқықтарым бұзылған жеке жағдайлар болды	8,2	10,4	7,1	8,3	2,1	6,9	5,5
Жоқ, ондай оқиға болған емес	75,4	75,6	68,7	75,2	91,6	78,1	77,4
Өз басым ондай жағдайды бастан кешірмедім, алайда осындай жағдайларды бастарынан өткізген адамдарды білемін	6,9	8,4	11,8	9,0	4,9	7,7	10,4
Жауап беруге қиналамын	3,4	3,2	8,1	2,3	0,7	3,9	4,3

Қазақстанда ұлтаралық жағдайға байланысты сұрақтарды қарастыру барысында қорытынды жасау үшін жауап берушілерге «Егер Сіздің ұлтыңыздың құқықтары жүйелі түрде бұзылатын болса, Сіз қандай қадамдарға барасыз?» деген сұрақ қойылды. Жауап берушілердің көп

бөлігі өз құқықтарын қорғау кезінде заңды тәсілдерді қолданатындарын атап өткен жөн. Атап айтсақ, жауап берушілердің жартысына жуығы өз құқықтарын сот және құқыққорғау органдары арқылы заңды түрде жүзеге асыратындарын көрсетті. Әр бесінші жауап беруші осындай жағдай туындайтын болса елден көшіп кететінін алға тартты. Сондай-ақ жас славяндардың 14,6% осындай жағдай орын алған жағдайда олар ешнәрсе істей алмаса да, бірақ ұлтының мүдделерін қорғайтын адамдар табылатынына сенімді. Және славян ұлтының әр оныншы өкілі ұлтының құқықтары үшін күшті қолдану керек болса да, кез келген тәсілдермен күресетін болатынын көрсетті (7 диаграмма).

7 диаграмма. «Егер Сіздің ұлтыңыздың құқықтары жүйелі түрде бұзылатын болса, Сіз қандай қадамдарға барасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Аймақтық тұрғыдан қарастыратын болсақ орташа көрсеткіштер басқаша екенін байқатады: негізінен барлық аймақтардың өкілдері олардың құқықтары бұзылған жағдайда олар қорғанудың заңды тәсілдерін қолданатынын белгіледі. Алайда Батыс-Қазақстан облысының жастары осындай көзқараспен тек үштен бір бөлігі ғана келіскен. Аталған аймақтың әр төртінші тұрғыны бұл сұраққа жауап беруге қиналғанын атап өткен жөн. Бұл олардың осы проблема бойынша осыған дейін ойланбағанын аңғартады. Қостанай облысының әр үшінші тұрғыны осындай жағдайдан шығудың жолын көшіп кетуде көрсе, яғни жауап берушілердің 28,3% олардың ұлттық құқықтары бұзылған жағдайда олар бірден елден көшіп кететіндерін көрсетті. Батыс-Қазақстан және Қостанай облыстарының сауалнамаға қатысқан әр бесінші қатысушысы олардың ұлттарының мүдделерін қорғайтын адамдар табылады деп есептейді.

14 кесте. «Егер Сіздің ұлтыңыздың құқықтары жүйелі түрде бұзылатын болса, Сіз қандай қадамдарға барасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Заңды түрде өз құқықтарымды сот, құқыққорғау органдары арқылы қорғаймын	50,4	52,4	29,9	49,1	45,8	48,9	47,0
Елден көшіп кетемін	19,4	14,6	18	18,2	28,3	16,7	19,5
Өз ұлтымның құқықтары үшін күшті қолдану керек болса да, кез келген тәсілдермен күресетін боламын	12,9	9,3	6,6	10,1	3,8	10,3	9,8
Жеке өзім ешнәрсе істей алмаймын, бірақ менің ұлтымның мүдделерін қорғайтын адамдар табылатынын білемін	6,0	14,2	19,4	14,6	18,2	15,0	14,6
Басқа	-	-	-	0,2	-	-	-
Маған бәрібір	-	-	-	0,2	-	-	-
Жауап беруге қиналамын	11,2	9,5	26,1	7,4	3,8	9,0	9,1

Тарау бойынша қорытындылар

Ұлтаралық өзара байланыс орнатудың Қазақстандағы жалпы жағдайды жауап берушілер тыныш және бақуатты деп санайды. Атап айтсақ, Қостанай облсының жас славяндері аймақтағы түрлі ұлттар арасындағы қатынастарды достық қарым-қатынас деп сипаттайды. Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында ұлтаралық қатынастардың айтарлықтай нашарлағанын көрсетеді, осы аймақтардың тұрғындары басқаларға қарағанда соңғы жыл ішінде ұлтаралық атмосфераның нашарлағанын жиі көрсеткендігі анықталды.

Қазақстандық ұлттық-мәдени орталықтарының жұмысын нәтижелі деп атауға болмайды, себебі жауап берушілердің тек әр бесіншісі ғана олардың шараларына бірнеше рет қатысушысы болған және тек әр жиырмамыншы жауап берушісі шаралардың сан рет қатысушысы болған. Орталықтар қызметіне атсалысатындар арасында ең жоғары белсенділік Батыс-Қазақстан облысына тиіселі екенін көрсетті. Ең жоғары пассивтілікті Ақмола облысының жастары көрсетіп отыр, олардың 75% ұлттық-мәдени орталықтардың шараларына қатыспайды екен. Қостанай және Шығыс-Қазақстан облыстарының жас адамдары осындай шаралардың өткізілмейтініне шағымданды, бұл аймақтарда жауап берушілердің

сәйкесінше 17,1% және 12,3% пікірі бойынша ұлттық-мәдени орталықтар олардың аймақтарында ешбір шара ұйымдастырмайтын көрінеді (7 кесте).

Ұлтаралық қатынастар негізінде жан-жалдың ықтималдылығын жауап беруші жас славяндардың жартысы толығымен жоққа шығарып отыр. Алайда жауап берушілердің 1/3 шағын тұрмыстық шиеленістер мүмкіндігі болуы ықтимал деді, әсересе осындай көзқарасты Қарағанды облысының өкілдері белсенді түрде ұстанып отыр. Өте назарға алатындай жағдай Солтүстік-Қазақстан облысында байқалады, осындағы славян ұлттық тобының әрбір оныншыға жуық өкілі нақты ұлтаралық қақтығыстар болуы ықтимал деп есептейді.

Қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары, ұлттық белгілер бойынша құқықтардың бұзылуы, баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы және ұлтты себеп етіп, жұмысқа алудан бас тарту немесе жұмыстан босату түрлі ұлттар арасындағы жан-жалдың негізгі себептері болуы мүмкін деп белгілеген. Қазіргі уақытта жауап берушілердің басым көпшілігі ұлттық белгілер бойынша кемсіту фактілерімен кезікпеген. Жауап берушілердің 10,8% соңғы жыл ішінде олардың өмірінде ұлттық белгілер бойынша құқықтарының бұзылуы жеке жағдайлар болғандығы жайлы жауап берген фактілерінен басқа.

3 тарау. Жастардың еңбектік және әлеуметтік-экономикалық бейімделуі

3.1 Еңбектік бейімделу

Қазіргі жастардың еңбек нарығында бейімделуі оның нақты бір материалдық жағдайларға және еңбек нарығының мәдени құндылықтарына, оның талаптары мен нормаларына белсенді бейімделуі, ол қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан жағдайдың көрсеткіші болыптабылады.

Біздің республикада жастар бағдарламаларын жүзеге асыру үшін «Жастар практикасы», «Жұмыспен қамту - 2020», «Жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламалары сияқты бірқатар шаралар атқарылады. Осындай шараларға қарамастан қазіргі Қазақстанның экономикалық және саяси ортасын жұмыссыз жастар өндірістік қызметтен және қоғамдық өмірден оны оқшаулау деп қабылдайды. Бұл жұмыссыз жастар арасында жаппай әлеуметтік тәуелділіктің, саяси экстремизм және қылмыстылықтың негізінде жатыр. Жұмыссыздық жағдайы жас адамның психикасына қиратушы, жаралаушы әсер етеді, фрустрация, агрессияға, қоғамдық белсенділік маңызының жоғалуына апарады. Жастардың көбіне жеке өздеріне осындай жағдайды еңсеру мүмкін емес, олар арнайы ұымдастырылған әлеуметтік қызметтер немесе орталықтардың көмегіне зәру.

Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының өзекті және стратегиялық басымдығы болып табылады. Бәсекеге қабілетті қазақстандық жастар – біздің елдің 50 бәсекеге қабілетті дүниежүзілік елдердің арасына кірігудің кепілі. Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауларында әлеуметтік-бағытталған мемлекетті құру және дамытуға негізгі назар аударылып келеді. Әлеуметтік-бағытталған мемлекетті қалыптастырудың және одан әрі тұрақты дамытудың негізгі факторы жаһанданудың күшеюі жағдайында, отандық бәсекеге қабілетті замаманауи, халықаралық талаптар мен стандарттарда жауап беретін жастарды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Осындай жастардың болуы – ұлттың өркендеуінің кепілі, азаматтық қоғамның дамуының кепілі, сондай-ақ еліміздің демократияның негізгі институттарының. Бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастырудың негізгі құраушы факторы нарықтық экономика жағдайында жоғары біліктілік және қажеттілігі болып табылады. Осындай жастар белсенді азаматтық қоғамды, орта тапты, кез келген мемлекетті қалыптастырады. Бәсекеге қабілетті белсенді жастардың болғаны азаматтық қоғамның тиімді қызмет етуінің, орта таптың тұрақты дамуының кепілі. Бұл қазақстандық позицияның халықаралық қауымдастықта одан әрі өркендеуінің және нығаюының фундаменти болып табылады.

Бүгін кеңес дәуірінде болған жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік бөлу жүйесі жоқ, ол жалпы әлеуметтік-еңбектік және кәсіптік жалпы жүйесінің буын жалғастығын қолдап, жастардың еңбек кеңістігіне қиындықсыз сіңісіп кету үрдісін қамтамасыз етіп отырды.

Қазіргі қазақстандық жастар, өзінің топтық бөлінуіне қарамастан қазақстандық қоғам үшін жаңа тұрақсыздық және белгісіздік жағдайларына дербес бейімделуге мәжбүр, өйткені бұрынғы барлық бейімдеу механизмдері жойылған болып шықты, ал жаңасы әлі қалыптаса қойған жоқ. Алайда осы ретте жас қазақстандықтардың көпшілігінің бейімделу әрекеттері отбасылық капитал түріндегі (іздістіру және табу кезінде оптималды әлеуметтік-экономикалық орнын басуға ата-аналардың көмегі немесе ықпалды туыстардың, таныстардың жәрдемдесуі, олар өз әлеуеттерін жүзеге асырулары мүмкін) әлеуметтік капиталды пайдалануға негізделеді, бірақ осындай әлеуметтік бейімделу механизмін заманауи Қазақстанның жас өкілдерінің барлығына қолжетімді емес. Бұл жиі қазіргі қазақстандық жастардың бейімделу стратегияларын қалыптастыру кезінде анықтаушы фактор ретінде қызмет атқарады, оның негізінде әлеуметтік ресурстардың жетіспеушілігінен өмірлік жоспарлар мен тұтынушылықтарды іске асырудың тәсілі ретінде тәуекел-технологиялар алға шығады.

Сондықтан, қазіргі жастарды еңбек нарығына бейімдеу, оның нақты материалдық жағдайларға және еңбек нарығының мәдени құндылықтарына, оның талаптары мен нормаларына белсенді бейімделу үдерісін көрсету қазақстандық қоғамда қалыптасқан жағдайдың көрсеткіші болып табылады.

Жастардың еңбек нарығындағы бейімделу стратегиялары өмірлік стратегиялардың бөлігі ретінде жалпы өмірлік стратегияның мазмұнын айшықтайды және олардың дәуірмен және оның шақыруларымен сәйкеске келуін, ұдайы түрленуін, жаңаруын сипаттайды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жас жауап берушілердің жартысы жұмыс істейді (50,5%), тағы 41,1% мектепте, колледжде немесе ЖООда оқиды. Осылайша жауап берушілердің 91,6% оқиды немесе жұмыс істейді. Жұмыссыз жас адамдардың үлесі 7,3% құрап отыр (15 кесте).

Жауап берушілердің тағы 1,0% бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

15 кесте. «Қазіргі уақытта Сіз жұмыс істейсіз бе әлде оқисыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Мектепте оқимын	17,3
ЖОО, колледжде оқимын	17,9
Оқимын және жұмыс істеймін	5,9
Жұмыс істеймін	50,5
Жұмыс істемеймін және жұмыс іздемеймін	3,6
Оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрмін	3,7
Жауап беруге қиналамын	1,0


Нәтижелер бойынша қамтылмаған жастардың үлесі қалалық жастарға қарағанда (6,0%) ауылдық жастар арасында жоғары (9,6%).

16 кесте. «Қазіргі уақытта Сіз жұмыс істейсіз бе әлде оқисыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (қала және ауыл тұрғындары арасынан, %)

	Қалалық жастар	Ауылдық жастар
Мектепте оқимын	17,1	17,7
ЖОО, колледжде оқимын	19,0	16,1
Оқимын және жұмыс істеймін	6,5	5,0
Жұмыс істеймін	50,6	50,3
Жұмыс істемеймін және жұмыс іздемеймін	2,9	4,8
Оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрмін	3,1	4,8
Жауап беруге қиналамын	0,9	1,3

Жауап беруші ЖООда немесе колледжде оқитын жас адамдар, яғни жақын арада жұмыс іздейтін жастарға өз мамандығыңыз бойынша жұмыс табатыныңызға қаншалықты сенімдісіз деген сұрақ қойылды. Жауап берушілердің көпшілігі, атап айтқанда 71,5% өздерінің мамандығы бойынша жұмыс таба алатындарына сенімді. Жауап берушілердің 19,8%, керісінше, өздерінің сенімсіздігін білдірді.

8 диаграмма. «ЖОО, колледжді аяқтағаннан кейін Сіз өз мамандығыңыз бойынша жұмыс табатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Жастардың мекендеу түрі жақын болашақта жұмысқа орналасу мәселесі мүлдем жас адамдардың сенімділігіне ықпал етпейтіні анықталды. Қалада тұратын жас жауап берушілердің 71,6% және ауылда тұратын жастардың 71,3% өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасатындарына сенімді (9 диаграмма).

9 диаграмма. «ЖОО, колледжді аяқтағаннан кейін Сіз өз мамандығыңыз бойынша жұмыс табатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (қалалық және ауылдық тұрғындар арасынан, %)



Осы сұраққа сауалнамаға қатысушыларының білім тұрғысынан берілген жауаптарында қызық заңдылық анықталғаны белгілі болды. Атап айтсақ, орта кәсіптік оқу мекемелерінің оқушылары мен түлектері оқулары аяқталғаннан кейін өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алатындарына сенімдері аз екені анықталды. Орта арнаулы білімдері бар (30,4%) жас жауап берушілердің үштен бір бөлігі «сенімді дегеннен гөрі сенімді емес сияқтымын» және «мүлдем сенімді емеспін» деген жауап нұсқаларын белгілеген.

Керісінше, жоғары оқу орындарының түлектері бұл сұраққа жиі оң жауап нұсқаларын белгілеп отыр. Жеке әзірше мектепті аяқтамаған жас адамдардың жауаптарын атап өткен жөн, олар өздерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасу мәселесіне оптимистік көзқарасты көрсетуде (17 кесте).

17 кесте. «ЖОО, колледжді аяқтағаннан кейін Сіз өз мамандығыңыз бойынша жұмыс табатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (білім деңгейі жағынан, %)

	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Орта арнаулы	Жалпы орта	Аяқталмаған орта
Таба алатыныма сенімдімін	57,1	34,2	34,3	44,4	42,9
Сенімді емеспін дегеннен гөрі сенімді сияқтымын	38,1	32,9	28,4	37,8	50,0
Сенімді дегеннен гөрі сенімді емес сияқтымын	4,8	11,8	20,6	4,4	7,1
Таба алатыныма мүлдем сенімді емеспін	-	7,9	9,8	4,4	-
Жауап беруге қиналамын	-	13,2	6,9	8,9	-

Жастардың жұмысқа орналасу проблемасы жастар ортасында тұрғын-үй және білім алу проблемаларымен қатар ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Жастарға аймақта, тұрған қалада жастардың жұмысқа орналасуларына не кедергі болады деген сұрақ қойылған болатын, жауап берушілердің жартысынан көбі тәжірибенің болмауы жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі болып табылады деп жауап берді (59,4%). Жауап берушілердің тағы жартысына жуығы (45,8%) жастардың жұмысқа орналасу проблемасының себебі ретінде – төмен жалақыны белгілеп отыр (18 кесте).

Жеке қалалар мен ауылдарда бос жұмыс орындарының болмауын атап өткен абзал. Атап айтсақ, жас жауап берушілердің 28,8% тұрған елді мекендерінде жұмыс жоқ, демек жұмыс орындары жоқ деп жауап берді, ал жауап берушілердің 22,2% жастардың жұмысқа орналасуға кедергі болатын себеп алған білімдерінің бос жұмыс орнына қойылатын қызметтік талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады.

Жауап берушілердің көп үлесі жастардың жұмысқа орналасуларына жұмыс берушілердің парақорлығы және сыбайлас жемқорлығы кедергі деп есептейді.

18 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, жастардың Сіздің аймақта, қалада жұмысқа орналасуларына не кедергі болады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Жұмыс тәжірибесінің болмауы	59,4
Төмен жалақы	45,8
Тұрғылықты мекенжайы бойынша бос жұмыс орындарының болмауы	28,8
Алған білімнің бос орынның қызмет ету талаптарына сәйкес келмеуі	22,2
Жас мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі төмен	18,5
Парақорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығы	17,7
Жас мамандардың жоғары амбициялары	8,1
Ұлттық белгілер бойынша дискриминациялау	6,4
Жас баланың болуы	6,4
Денсаулық жағдайы	5,5
Адамның әйел немесе ер адамның болуы жағынан дискриминациялануы	1,9
Басқа (жас ерекшеліктері жағынан, жастар – жалқау)	0,3
Еш кедергі жоқ	4,3
Жауап беруге қиналамын	4,2

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ауылдық жастарға қарағанда қалалық жастар жұмысқа орналасудың проблемасы ретінде жұмыс берушілердің парақорлығын және сыбайлас жемқорлықты (20,2%) және ұлттық белгілер бойынша кемсітушілікті (7,9%) белгілейді. Ауылдық жауап берушілер жұмыс орындарының болмау проблемасын жиі тұрған аудандарынан (37,6%) және жас мамандардың бәсекеге қабілеттіліктерінің төмендігінен көреді (20,2%).

Төмен жалақы проблемасы қалада да, ауылда да өзекті, алайда ауылдық жастар жиірек осы жауап нұсқасын проблема ретінде көрсетіп отырғандары анықталды (50,1%) (19 кесте).

Жұмыс тәжірибесінің болмау проблемасы қалалық жастар (59,3%) үшін де, ауылдық жастар (59,6%) үшін де тең дәрежеде маңызды екен.

19 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, жастардың Сіздің аймақта, қалада жұмысқа орналасуларына не кедергі болады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (қалалық және ауылдық тұрғындар арасынан, %)

	Қалалық жастар	Ауылдық жастар
Жас мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі төмен	17,5	20,2
Алған білімнің бос орынның қызмет ету талаптарына сәйкес келмеуі	22,7	21,5
Жұмыс тәжірибесінің болмауы	59,3	59,6
Парақорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығы	20,2	13,7
Ұлттық белгілер бойынша дискриминациялау	7,9	4,0
Адамның әйел немесе ер адамның болуы жағынан дискриминациялануы	1,8	2,1
Денсаулық жағдайы	4,9	6,6
Төмен жалақы	43,2	50,1
Жас баланың болуы	5,2	8,3
Жас мамандардың жоғары амбициялары	7,6	9,0
Тұрғылықты мекенжайы бойынша бос жұмыс орындарының болмауы	23,4	37,6
Басқа	0,4	-
Еш кедергі жоқ	4,6	4,0
Жауап беруге қиналамын	4,2	4,2

Егер кәсіптік қызметте жетістіктер туралы сөз ететін болсақ, онда жауап берушілердің 53,1% жұмысқабілеттілік жетістікке жетудің кепілі болып табылады деп есептейді.

Адамдар жетістікке жетудің екінші себеп ретінде байланыстар және таныстықты қойып отыр (33,9%). Байланыстар мен таныстық факторы екі карама-қайшы тұратын тараптардың болуын талап етеді. Бірінші оң тарап – ол кәсіптік, оқу және басқа қызмет атқару кезінде пайда болған байланыстар мен таныстықтарды пайдалану. HR саласындағы мамандар айтуынша, қызметтік байланыстар жетістікке жетудің ең басты критерийі болмаса да, негізнен ең маңыздысы болып табылады. Байланыстарды орната білу қабілеті жұмысқа орналасу кезінде шешуші басымдықтың бірі болады. Екінші жақтан, байланыстардың негативті тұсы болады – бұл шамадан тыс туыстық артықшылықтарға ие болуға және трайбализмнің дамуына әкеп соғады.

Жас жауап берушілердің үштен бір бөлігі жуығынан көбі қызметте жетістікке қол жеткізуге жақсы білім көмектеседі деп есептейді және тағы 30,7% жауапкершілік сынды қабілетті белгілеген екен.

Жоғары кәсіптілік және кәсіпқойлылық пен жігерлілікті жауап берушілердің сәйкесінше 23% және 20% белгілеген.


20 кесте. «Сіздің ойыңызша, адамның кәсіпқойлық қызметінде жетістіктерге қол жеткізуге қандай қабілет қамтамасыз етеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Жұмысқабілеттілік	53,1
Байланыс және таныстық	33,9
Жақсы білім	31,4
Жауапкершілік	30,7
Ұжыммен жұмыс істей білу	25,7
Жоғары кәсіптілік	23,0
Кәсіпқойлылық, жігерлілік	20,0
Адал еңбек	17,5
Талант	9,9
Сәттілік	8,6
Өзгерістерге дайын болу	3,8
Тартымды келбет	3,4
Патриотизм	1,3
Басқа	0,1
Жауап беруге қиналамын	1,2

Жиі жастар өмір сүрудің және жақсы жұмыс жағдайларын басқа елдімекендер, елдерден іздестіреді екен. Сауалнама барысында біз зерттеуге қатысқан жастарды олардың жұмыс үшін Қазақстанның басқа аймағына немесе басқа елге көшуге дайынсыз ба деген сұраққа жауап беруді өтіндік, нәтижелері келесіні көрсетті. Жас жауап берушілердің басым көпшілігі (85,2%) жақсы жұмыс үшін елдің басқа аймағына көшуді жоспарламайды. Өздерінің басқа аймаққа көшуге дайын екендерін жауап берушілердің 13,2% белгіледі (10 диаграмма).

Жастар арасында ең танымал бағыттар ретінде Астана (47,9%) және Алматы (27,9%) қалалары көрсетіліп отыр.

10 диаграмма. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз ЕЛДІҢ БАСҚА АЙМАҒЫНА КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %




21 кесте. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз ЕЛДІҢ БАСҚА АЙМАҒЫНА КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі - бағыттар (%)

	%
Алматы	27,9
Астана	47,9
Петропавл	4,2
Қарағанды	3,8
Шығыс-Қазақстан облысы	2,6
Шымкент	2,3
Павлодар	2,3
Ақтөбе	1,9
Қостанай	1,9
Батыс-Қазақстан облысы	1,5
Атырау	1,1
Өскемен	1,1
Көкшетау	1,1
Орал	0,8
Түмен	0,4
Ақтау	0,8
Жауап беруге қиналамын	3,4

Жалпы сауалнама нәтижелері көрсеткендей сауалнамаға қатысқандардың жасы олардың жақсы жұмысқа орналасу үшін елдің басқа аймағына көшуге дайын болуларына ықпал етпейді екен.


11 диаграмма. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз ЕЛДІҢ БАСҚА АЙМАҒЫНА КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)



Қалалық және ауылдық жастар тұрғысынан алар болсақ, сауалнама жүргізу барысында ауылдық жерлерде тұрып жатқан жастарға (9,6%) қарағанда қалада тұратын жастар (15,4%) жиі елдің басқа аймағына көшуге дайын екені анықталды.

Облыстар тұрғысынан алынған нәтижелер келесіні көрсетіп отыр. в Ақмола, Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында тұрып жатқан жастар жақсы жұмыс табу үшін Қазақстанның басқа аймағына көшкісі келетіндері туралы жиі белгілеген. Керісінше, Батыс-Қазақстан және Қостанай облыстарында тұратын жастар бұл сұраққа айтарлықтай сирек жауап берген.

12 диаграмма. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз ЕЛДІҢ БАСҚА АЙМАҒЫНА КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (қалалық және ауылдық тұрғындар арасынан, %)




22 кесте. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз ЕЛДІҢ БАСҚА АЙМАҒЫНА КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Иә	21,6	10,2	8,5	18,9	8,0	11,2	12,2
Жоқ	78,0	89,8	91,5	76,8	91,6	88,4	82,3
Жауап жоқ	0,4	-	-	4,3	0,3	0,4	5,5


Жақсы жұмыс табу үшін басқа елге көшуге жауап берушілердің 28,2% дайын екен, бірақ көпшілігі жақсы жұмысқа орналасу үшін өз елінен көшіп кетуге дайын емес (70,7%).

13 диаграмма. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз БАСҚА ЕЛГЕ КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Жас ерекшеліктері тұрғысынан алатын болсақ, жастары 24 тен 29 жасқа дейінгі жастарға қарағанда (22,1%) жиі басқа елге көшкісі келетіндерін жастары 14 тен 19 жастағы жастар белгілейтіні анықталды (34,9%).

14 диаграмма. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз БАСҚА ЕЛГЕ КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері жағынан, %)



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жауап беруші ждастардың басым көпшілігі, атап айтсақ 76,6% жақсы жұмыс үшін Ресейге көшуге дайын екен.

Көшу үшін танымалдылығы жағынан екінші орында тұрған бағыт Америка құрама штаттары, алайда бұл ел едәуір ресейлік бағыттан аз көрсеткішке ие (7,5%). Әрі қарай Еуропа (3,4%) бағыты, және нақты Германия (5,9%) елі. Жеке сондай-ақ Қытай көрсетілгенін атап өту керек (2%). «Аспан асты елі» соңғы жылдарда жастардың үлкен қызығушылығына ие болып отыр, атап айтсақ мәдениеті, білім беру жүйесі, қытай тілін үйренгісі келетіндер саны артқаны байқалады.

23 кесте. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз БАСҚА ЕЛГЕ КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» - деген сұраққа жауаптардың бөлінуі - бағыттар (%)

	%
Ресей (Санкт-Петербург, Омбы, Башқортастан)	76,6
АҚШ	7,5
Германия	5,9
Еуропа	3,4
Қытай	2,0
Канада	1,4
Швейцария	0,9
Беларусь	0,9
Басқа елдер (Украина, Австрия, Чехия, Израиль, Жапония, Араб Әмірлігі, Бразилия, Финляндия, Түркия, Әзірбайжан, Испания, Норвегия, Англия, Жаңа Зеландия)	5,5
Жауап беруге қиналамын	2,7

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарының жастары айтарлықтай басқа елдерге қарағанда жиі Ресейді белгілеген.

Қарағанды және Шығыс-Қазақстан облыстарында тұратын жауап берушілер жиі Америка Құрама Штаттарын белгілеген – сәйкесінше 13,9% және 10,5%.

Германияға жақсы жұмыс табу үшін барғысы келетін жауап берушілер Ақмола (10,8%), Шығыс-Қазақстан (10,5%) және Қарағанды (9,6%) облыстарынан болады.

Қытай көп жағдайда Павлодар (5,6%) және Батыс-Қазақстан (3,4%) облыстарында тұратын жауап берушілер үшін қызықты екен.

24 кесте. «Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз БАСҚА ЕЛГЕ КӨШУГЕ ДАЙЫНСЫЗ БА?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Ресей	83,8	67,1	77,6	65,7	87,8	81,7	84,4
АҚШ	-	10,5	1,7	13,9	4,4	4,2	4,7
Германия	10,8	10,5	1,7	9,6	2,2	1,4	1,6
Еуропа	-	5,3	-	3,6	3,3	2,8	6,3
Қытай	-	2,6	3,4	0,6	1,1	5,6	1,6
Канада	-	-	1,7	3,6	-	-	1,6

3.2 Әлеуметтік-экономикалық бейімделу

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстанды өз Отанындай көреді (95,8%), олардың ішінде 75,6% Қазақстанды өз Отаным деп есептейді, себебі осында туып өскендерін атап көрсетуде, ал жауап берушілердің 20,2% себебі осында менің отбасым тұрады деп белгілеген. Жауап берушілердің тек 3,1% ғана Қазақстанды өз Отаны емес, тарихи отаны бар екенін көрсетіп отыр.

15 диаграмма. «Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жалпы Қазақстанды өз Отаны немесе Отаны емес деп санау мәселесінде жауап берушілердің жас

ерекшеліктері еш ықпал етпейтіні анықталды. Атап айтсақ, жауап берушілердің 76,8% 14 тен 18 жастағылар, жауап берушілердің 74,2% 19 дан 23 жастағы және 75,5% 24 тен 29 жастағылар Қазақстанды өз Отаны ретінде көреді – өздерінің туып өскен жерлері ретінде (25 кесте).

25 кесте. «Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері жағынан, %)

	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін
Иә, бұл менің туып өскен жерім	76,8	74,2	75,5
Иә, мұнда менің отбасым тұрады	19,0	21,5	20,3
Жоқ, менің өз тарихи Отаным бар	3,4	3,1	3,0
Жауап беруге қиналамын	0,8	1,2	1,1

Аймақтық тұрғыдан қарастыратын болсақ келесі нәтижелерге назар аударуға болады. Қостанай (86,7%), Солтүстік-Қазақстан (86%) және Павлодар (84,1%) облыстарында тұратын жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстанды өз Отаным деп санайды, өйткені олар осында туып өскен. Шығыс-Қазақстан және Батыс-Қазақстан облыстарында тұратын сауалнамаға қатысқан жас адамдар республиканы Отанындай көреді, өйткені мұнда олардың отбасы тұрады – сәйкесінше 35,7% және 29,4%.

Шығыс-Қазақстан (5,3%), Батыс-Қазақстан (5,2%) және Солтүстік-Қазақстан (5,5%) облыстарында тұратын жастар жиі Қазақстанды өз Отаны емес, тарихи отаны бар екенін көрсетіп отыр.

26 кесте. «Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)


	Ақмола	Шығыс- Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік- Қазақстан
Иә, бұл менің туып өскен жерім	82,3	55,7	65,4	80,9	86,7	84,1	86,0
Иә, мұнда менің отбасым тұрады	16,4	35,7	29,4	16,4	10,1	15,0	7,9
Жоқ, менің өз тарихи Отаным бар	0,9	5,3	5,2	2,7	1,4	0,9	5,5
Жауап беруге қиналамын	0,4	3,2	-	-	1,7	-	0,6

27 кесте. «Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (білім деңгейі жағынан, %)

	Жоғар	Аяқталмаған жоғары	Орта арнаулы	Жалпы орта	Аяқталмаған орта білім	Білімі жоқ
Иә, бұл менің туып өскен жерім	74,6	76,6	76,2	69,9	77,9	83,6
Иә, мұнда менің отбасым тұрады	21,0	19,5	19,6	24,9	17,6	14,9
Жоқ, менің өз тарихи Отаным бар	3,6	2,8	3,0	3,1	3,8	1,5
Жауап беруге қиналамын	0,8	1,1	1,1	2,2	0,8	-

Өздері тұрып жатқан елдімекеннің экологиялық проблемалары жауап берушілердің көпшілігін алаңдатады (76,8%). Тұрып жатқан елдімекендегі экологиялық проблемалар жауап берушілердің 21,5% алаңдатпайды екен.

16 диаграмма. «Елдімекеніңіздің (қаланың, селоның) экологиялық проблемалары Сізді алаңдатады ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %



Зерттеу қорытындысы бойынша тұрып жатқан елдімекеніндегі экологиялық проблемалар жиі Ақмола (оң жауаптардың сомалық көрсеткіші 85,3%), Қарағанды (81,5%) және Павлодар (86,3%) облыстарында тұрып жатқан жастардың алаңдаушылығын тудыруда. Осындай нәтиже күтілетін нәтиже болып саналады, өйткені осы аймақтарда бірқатар зауыт пен өндіріс ошақтары өз қызметін атқарып отырғаны белгілі. Қостанай, Солтүстік-Қазақстан және Шығыс-Қазақстан облыстарының жастары экологиялық проблемаларға сирек алаңдайды екен.

28 кесте. «Елдімекеніңіздің (қаланың, селоның) экологиялық проблемалары Сізді алаңдатады ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Иә, өте алаңдатады	37,5	29,7	42,7	37,6	22,0	55,8	36,0
Алаңдататын шығар	47,8	41,3	33,6	43,9	41,3	30,5	41,5
Алаңдатпайтын шығар	8,6	15,1	7,6	13,3	15,0	7,7	10,4
Жоқ	5,6	9,3	13,3	5,0	20,6	5,2	11,0
Жауап беруге қиналамын	0,4	4,6	2,8	0,2	1,0	0,9	1,2

Сауалнама барысында қатысушыларға елдің жастарын қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы хабардар болуы жайлы сұрақ қойылған болатын. Жауап берушілердің 22,7% бағдарламалар мен жобалар туралы білетін болып шықты. Жауап берушілердің көпшілігінің (45,8%) бағдарламалар мен жобалар туралы тек естулері ғана бар екен, бұл әдетте, үстіртін білім және осындай хабардар болу деңгейі төмен екенін байқатады.

Жауап берушілердің 28,4% жастарды қолдауға және дамытуға арналған бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмейтіндерін атап өткен жөн.

Яғни, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жауап беруші жастар ел жастарын қолдауға және дамытуға арналған бағдарламалар мен жобалар туралы нашар хабардар екенін көрсетеді, және сәйкесінше осы бағдарламалар мен жобаларға қатысу деңгейінің төмен дәрежеде екенін көрсетеді. Осының себептері уәкілетті мемлекеттік органдарының жастарды қандай болмасын мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы хабардар ету жұмысы жеткіліксіздігі, сондай-ақ жастардың жеке өдерінің онымен танысуға мүдделі еместігінде жатыр. Соңғының себебіне мемлекеттік биліктің қолдау деңгейінің төмендігінде жатуы мүмкін, соның салдарынан оның жұмысына да қызығушылық болмауы мүмкін.

29 кесте. «Сіз жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе, немесе естуіңіз бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Иә, білемін	22,7
Бір нәрсе естідім	45,8
Жоқ, жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін	28,4
Жауап беруге қиналамын	3,0

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы хабардар болу деңгейі жауап берушілердің жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі болып отыр. Атап айтсақ, хабардар

болудың орташа республикалық көрсеткіштен жоғары деңгейі (жауап берушілер «иә,білемін» деген жауап нұсқасын белгіледі) 20 дан 23 жастағы (24%) және 24 тен 29 жастағылар арасында (24,6%) анықталып отыр. 14 тен 19 жастағы (47,8%) және 20 дан 23 жастағы (48,6%) жауап беруші жас адамдар хабардар болудың «үстінгі» деңгейін көрсетіп отыр.

14 тен 19 жастағы (29%) және 24 тен 29 жастағы (30,3%) жастар мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін деп белгілегендерін атаған жөн.

30 кесте. «Сіз жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе, немесе естуіңіз бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Иә, білемін	19,2	24,0	24,6
Бір нәрсе естідім	47,8	48,6	42,9
Жоқ, жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін	29,0	24,2	30,3
Жауап беруге қиналамын	4,0	3,3	2,2

Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы хабардар болуы тікелей білім деңгейне байланысты. Атап айтсақ, жауап беруші жастардың білім деңгейлері жоғары болған сайын мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы хабардар болуының сапалық деңгейі жақсара бастайды. Жоғары білімді жауап беруші жастардың 28,2% жастарды қолдау туралы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білемін десе, аяқталмаған жоғары білімдері бар жауап берушілердің тағы екіден бір бөлігі «иә, білемін» деген жауап нұсқасын белгіледі (24,5%). Керісінше, аяқталмаған орта білімдері бар жастарды арасында бағдарламалар мен жобалар туралы 19,1% біледі және «білімі жоқ» жауап берушілердің арасында бұл жауап нұсқасын 14,9% таңдады (31 кесте).

31 кесте. «Сіз жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе, немесе естуіңіз бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (білім деңгейі бойынша, %)

	Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Орта арнаулы	Жалпы орта	Аяқталмаған орта білім	Білімі жоқ
Иә, білемін	28,2	24,5	19,9	20,5	19,1	14,9
Бір нәрсе естідім	45,6	49,6	46,1	41,9	44,7	47,8
Жоқ, жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін	24,0	24,5	31,1	31,4	32,1	37,3
Жауап беруге қиналамын	2,0	1,4	2,9	6,1	4,2	0,0

3.3 Болашақ кәсіптерді болжау

Еңбек нарығында жастардың бейімделу ерекшелігін соңғы екі онжылдық ішінде орын алған және әлемдік экономикалық дағдарыс нәтижесінде шиелене түскен жұмыс күшіне деген сұраныстағы құрылымдық ауытқулар анықтайды. Өндіріс көлемінің төмендеуі, шығынға ұшыраған кәсіпорындар санының көбеюі, қаржылық дағдарыстың қиындауы жұмыс күшіне деген сұранысқа негативті әсер етеді. Ресми нарық көлемінің қысқаруы және еңбекке деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы дисбаланстың күшеюі жалпы жұмыссыздықтың, оның ішінде және жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсуіне апарады. Жұмыссыздық ерекшелігі бұрынғы нарықты және шаруашылықты жүргізу механизмдерін бұзып, баяу жаңа нарықты қалыптастыру кезінде өндірістің құрылымдық-регрессивті құлдырауы байқалады. Сонымен қатар, банктер, сақтандыру, консалтингтік, инвестициялық, аудиторлық және басқа да өндірістік емес ұйымдар іспеттес экономиканың жаңа салаларының пайда болуынан тұрақты өсім орын алды. Осы уақытта жұмыспен қамтылғандардың саны өсе бастайды, әсіресе нақты жастардың.

Жас адамдарды олардың пікірінше Қазақстанда қандай кәсіп ең қажетті болып табылады деген сұраққа жауап беру сұралған болатын. Атап айтсақ, жауап берушілердің жартысына жуығы бірінші орынға дәрігердің мамандығын қойғаны анықталды (48%). Екінші орында мектептің мұғалімі мамандағы жайғасқаны белгілі болды (27,8%).

Әрі қарай танымалдылыққа ие кәсіптер тізбектеледі – бұл бухгалтер (19,5%), құрылысшы (17,5%), қаржыгер (14,6%), IT-технолог (14,5%), экономист (13,1%) (32 кесте).

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, мамандыққа деген қажеттілік, танымалдылық пен жастардың қалауы арасында нақты айырмашылық айтарлықтай жоқ екені байқалады. Атап айтсақ, жауап берушілердің 11,1% болашақта дәрігер былғым келеді деп жауап берілді, бұл бірінші жағдайда да,

екінші жағдайда да бірінші орын. Алайда екінші орында кәсіпкер деп аталатын мамандық орналасқан (8,9%).

32 кесте. «Қазақстанда қандай мамандық, Сіздің ойыңызша, ең қажетті болып табылады?» және «Сіз қай мамандық бойынша жұмыс істегенді қалар едіңіз? Сіз қалайтын мамандық қандай?» деген сұрақтарға жауаптардың бөлінуі (%)

	Ең қажетті кәсіп	Кім болғыңыз келеді, қандай мамандықты қалайсыз
Дәрігер	48,0	11,1
Мектеп мұғалімі	27,8	8,1
Бухгалтер	19,5	5,1
Құрылысшы	17,5	3,6
Қаржыгер	14,6	3,6
IT-технолог	14,5	5,2
Экономист	13,1	3,5
Сату жөніндегі менеджер	12,3	5,0
Заңгер	12,3	5,0
Аспаз	11,7	4,4
Кәсіпкер	11,0	8,9
Инженер	10,2	5,9
Фармацевт	6,9	2,2
Ғалым	5,8	1,2
Университет оқытушысы	5,5	2,1
Депутат	4,1	1,5
Саясаткер	4,0	0,9
Қоғамдық қайраткер	3,3	1,1
Дипломат	3,2	1,4
Ұшқыш	2,4	0,7
Актер, актриса	2,1	2,0
Әнші, музыкант	1,7	1,2
Режиссер	1,7	0,9
Биші	0,9	0,7
Басқа (суретші, жұмысшы, полицей, әскери адам, кинолог, дизайнер, сатушы, энергетик, агроном, туризм менеджері, жүргізуші, психолог, бала бағушы, күтуші)	2,5	-
Басқа (стилист, әкімгер, банккер, кенші, автослесір, жүргізуші, эколог, агроном, энергетик, орманышы, өрт сөндіруші, дизайнер, сәулетші, филолог, психолог, зергер, аудармашы, экскурсия жүргізуші, кинолог)	-	5,2
Жауап беруге қиналамын	5,8	7,7

Тарау бойынша қорытындылар

Славян тобы өкілдері арасынан сауалнамаға қатысқан жастардың 91,6% оқу оқуда немесе жұмыспен қамтылған. Жұмыссыз жастардың үлесі 7,3% құрады.

Бүгінгі таңда жоғары білім немесе кәсіптік білім алып жақтан жас жауап берушілердің көпшілігі, атап айтсақ 71,5% мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алатындарына сенімді болып шықты. Жауап берушілердің 19,8%, керісінше, өздерінің сенімсіздігін білдіріп отыр.

Осылайша орта арнаулы оқу мекемелерінің оқушылары мен түлектері оқуды аяқтаған соң мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алатындарына аз дәрежеде сенеді. Орта арнаулы білімдері бар жас жауап берушілердің үштен бір бөлігі (30,4%) «сенімді дегеннен гөрі сенімді емес сияқтымын» және «мүлдем сенімді емеспін» деген жауап нұсқаларын белгілеген. Керісінше, жоғары білімі бар түлектер осы сұраққа жиі оң жауап нұсқаларын белгілеген.

Жастарға аймақта, тұрған қалада жастардың жұмысқа орналасуларына не кедергі болады деген сұрақ қойылған болатын, жауап берушілердің жартысынан көбі тәжірибенің болмауы жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі болып табылады деп жауап берді (59,4%). Жауап берушілердің тағы жартысына жуығы (45,8%) жастардың жұмысқа орналасу проблемасының себебі ретінде – төмен жалақыны белгілеп отыр.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ауылдық жастарға қарағанда қалалық жастар жұмысқа орналасудың проблемасы ретінде жұмыс берушілердің парақорлығын және сыбайлас жемқорлықты (20,2%) және ұлттық белгілер бойынша кемсітушілікті (7,9%) белгілейді. Ауылдық жауап берушілер жұмыс орындарының болмау проблемасын жиі тұрған аудандарынан (37,6%) және жас мамандардың бәсекеге қабілеттіліктерінің төмендігінен көреді (20,2%).

Жиі жастар өмір сүрудің және жақсы жұмыс жағдайларын басқа елдімекендер, елдерден іздестіреді екен. Сауалнама барысында біз зерттеуге қатысқан жастарды олардың жұмыс үшін Қазақстанның басқа аймағына немесе басқа елге көшуге дайынсыз ба деген сұраққа жауап беруді өтіндік, нәтижелері келесіні көрсетті. Жас жауап берушілердің басым көпшілігі (85,2%) жақсы жұмыс үшін елдің басқа аймағына көшуді жоспарламайды. Өздерінің басқа аймаққа көшуге дайын екендерін жауап берушілердің 13,2% белгіледі.

Жастар арасында ең танымал бағыттар ретінде Астана (47,9%) және Алматы (27,9%) қалалары көрсетіліп отыр.

Жақсы жұмыс табу үшін басқа елге көшуге жауап берушілердің 28,2% дайын екен, бірақ көпшілігі жақсы жұмысқа орналасу үшін өз елінен көшіп кетуге дайын емес (70,7%).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жауап беруші жастардың басым көпшілігі, атап айтсақ 76,6% жақсы жұмыс үшін Ресейге көшуге дайын екен.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстанды өз Отанындай көреді (95,8%), олардың ішінде 75,6%

Қазақстанды өз Отаным деп есептейді, себебі осында туып өскендерін атап көрсетуде, ал жауап берушілердің 20,2% себебі осында менің отбасым тұрады деп белгілеген.

4 тарау. Жастар арасындағы көші-қон көзқарасы

4.1 Жастардың көшіп-қонуы

Қазіргі әлемде жастардың көші-қон проблемасы бүгінгі таңда өзектілердің бірі болып табылады. Себебі қазіргі таңда саяхат жасауға, әлемнің кез келген нүктесіне баруға немесе тұру мекенін ауыстыруға жақсы жағдайлар жасалған. Тек соңғы 50 жыл ішінде көші-қон масштабы 2,5 есе асып кеткен; әлемдегі мигранттардың саны 200 млн. адамға жетті, сонымен көші-қон ауысуларының негізгі қатысушысы 16 дан 35 жастағы жастар болып табылады.

Қазақстанда аздық ұлттардың көші-қон проблемасы байқалады, атап айтсақ орыс (славян) ұлттық тобының өкілдерінің проблемасы. Қазақстар бүгін елдегі тұрғындардың 75% құрайды. Бірақ жалпы Қазақстан – полиэтникалық мемлекет болып табылады, саны жағынан екінші орында тұрған орыс ұлт өкілдері болып саналады. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанда орыстардың саны 2,5 есеге жуық қысқарса, түрлі деректер бойынша, олар тұрғындардың 20 дан 25 дейін пайызын құрайды.

Славян ұлттық тобы өкілдерінің неліктен елден көшуді жоспарлайтындарының негізгі себептері – бұл жұмысқа орналасу кезінде астыртын бәсекелестік және тілдік барьер болып табылады.

Аталмыш зерттеу шеңберінде славян ұлттық тобының өкілдеріне көші-қон көзқарастарын бағалау мақсатында тиісті сұрақтар қойылып, келесідей жауаптар алынды. Жауап берушілердің жартысынан көбі түрлі ұлт өкілдері тұратын қалада тұруды қалайды (68,6%), жауап берушілердің тағы 13,3% түрлі ұлт өкілдері болып табылатын ауылда тұрғылары келеді екен (33 кесте).

Жауап берушілердің 12,2% бір ұлт өкілдері ғана тұратын елдімекендерде тұрғанды қалайды екен.

33 кесте. «Сіз қайда тұрғанды қалар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі %

	%
Көптеген түрлі ұлттар тұратын қалада тұрғанды қалар едім	68,6
Негізі өз ұлтымнан тұратын қалада тұрғанды қалар едім	9,4
Көп түрлі ұлттар тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	13,3
Негізі өз ұлтымнан тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	2,8
Басқа (қандай ұлт болғаны маңызды емес, бастысы жақсы адамдар болса болғаны, Астанада)	0,7
Жауап беруге қиналамын	5,0


34 кесте. «Сіз қайда тұрғанды қалар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Көптеген түрлі ұлттар тұратын қалада тұрғанды қалар едім	70,6	67,8	67,5
Негізі өз ұлтымнан тұратын қалада тұрғанды қалар едім	8,7	10,3	9,5
Көп түрлі ұлттар тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	11,5	11,6	15,7
Негізі өз ұлтымнан тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	4,5	1,4	2,4
Басқа	0,7	0,6	0,9
Затрудняюсь ответить	4,0	8,3	4,0

Сауалнама нәтижелері бойынша, жауап берушілердің 58,6% алдағы уақытта басқа елге көшуді жоспарлап отырған жоқ. 38,3% көшу туралы қалауларын айтуда. Оның ішінде жас жауап берушілердің 13,7% алдағы уақытта көшуді жоспарлап отыр, ал жауап берушілердің 9,4% алдағы үш жыл ішінде көшу мүмкіндігін жасырмады.

Басқа елге көшуге қатысты жоспарлары мен қалауларына елдегі ахуал ықпал етуі мүмкіндігін белгілеген жауап берушілер туралы жеке сөз еткен дұрыс (15,2%).

17 диаграмма. «Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Славян ұлт тобы өкілдерінің жауап берушілерінің көші-қон көзқарастарын жас ерекшеліктері тұрғысынан қарастырсақ, ол келесідей болады. Сауалнамаға қатысқан жастардың жастары жас болған сайын, олардың көші-қон көзқарастары жоғары. Атап айтсақ, 14 тен 19 жастағы жауап берушілердің 17% тұрақты түрде тұру үшін басқа елге алдағы жылдың ішінде көшуді жоспарлап отыр, 20 дан 23 жастағы жастар арасында бұл көрсеткіш 15,5% құрайды, және 24 тен 29 жастағылар арасында бұл

көрсеткіш төмен – 10,4%. Осындай жауап берушілердің жас ерекшеліктерімен байланыс алдағы үш жыл ішінде тұрақты тұру үшін басқа елге көшу мүмкіндігімен байқалады.

Және, керісінше, жастардың жасы ұлғайған сайын олардың көші-қон көңілдері де төмендей түседі.

35 кесте. «Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Иә, менің сондай ойым бар	17,0	15,5	10,4
Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл ішінде ғана	12,5	8,1	7,9
Елдегі жағдайға байланысты	12,9	16,5	16,2
Жоқ, жоспарламаймын	54,5	56,6	62,6
Басқа	-	0,2	-
Жауап беруге қиналамын	3,1	3,1	2,9

Облыстар тұрғысынан көші-қон көзқарастарын алатын болсақ, ол келесідей екен. Солтүстік-Қазақстан облысында тұратын славян ұлттық тобының өкілдері жауап беруші жастары алдағы жыл ішінде өздерінің басқа елге көшу мүмкіндігі туралы жиі сөз етеді – 14 до 29 жасындағы әр төртінші тұрғыны (25%). Солтүстік-Қазақстан облысынан басқа Қарағанды және Қостанай облысын атап өткен жөн – жауап берушілердің 15,3% және 15,7% сәйкесінше тұрғыны өздерінің басқа елге көшу мүмкіндігін белгіледі.

36 кесте. «Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Иә, менің сондай ойым бар	8,6	10,0	10,9	15,3	15,7	15,0	25,0
Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл ішінде ғана	8,2	7,4	9,5	13,3	7,0	10,3	8,5
Елдегі жағдайға байланысты	15,1	14,6	14,2	15,3	17,8	16,7	11,6
Көші-қон қалаулары (оң жауаптардың сомалық көрсеткіші)	31,9	32,0	34,6	43,9	40,5	42,0	45,1
Жоқ, жоспарламаймын	66,4	61,7	62,6	53,8	56,6	57,5	51,8
Жауап беруге қиналамын	1,7	6,3	2,8	2,3	2,8	0,4	2,4

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ауылды жерлерде тұратын жастарға қарағанда қалалық жерлерде тұратын жастар жиі өздерінің басқа елге көшу мүмкіндігі туралы сөз етеді. Аталмыш факт ауылдық жастарға

қарағанда қалалық жастардың амбициялары мен мүмкіншіліктері айтарлықтай жоғары екендігімен түсіндіруге болады.

37 кесте. «Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (қалалық және ауылдық тұрғындар бойынша, %)

	Қалалық жастар	Ауылдық жастар
Иә, менің сондай ойым бар	15,2	11,4
Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл ішінде ғана	10,3	7,9
Елдегі жағдайға байланысты	15,8	14,4
Жоқ, жоспарламаймын	55,4	63,8
Жауап беруге қиналамын	3,4	2,5

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, басқа елге көшудің басты себептерінің негізгісі «жұмысқа орналасу мақсатында» (33,4%) және «материалдық жағдайды жақсарту үшін» (35,4%) болып табылады.

Жас жауап берушілердің 22,2% басқа елге сапалы білім алу үшін көшкісі келеді екен (38 кесте).

38 кесте. «Сіз неліктен басқа елге көшуді қалайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Материалдық жағдайды жақсарту үшін	35,4
Жұмысқа орналасу мақсатында	33,4
Сапалы білім алу үшін	22,2
Тілдік қиындықтарға тап болдым	9,1
Өз тарихи Отаныма оралғым келеді	7,9
Менталитетімнің тұрғылықты халықтың менталитетімен сәйкес келмейді	5,1
Осындағы өмір қауіпті бола бастады	4,3
Басқа (<i>Мемлекеттің жаппай зорлығынан қашқым келеді, жаңа сезімдерді бастан кешкім келеді, балаларымның болашағы үшін, ғылыммен айналысу үшін, туыстарыммен қосылу үшін және т.т.</i>)	0,7
Мен көшуді жоспарламаймын	6,9
Жауап беруге қиналамын	6,9

Жас адамдар неліктен басқа елге көшуді жоспарлайды немесе қалайтын себептері сирек көрсетіледі. Мысалы, жауап берушілердің 9,1% тілдік қиындықтарға тап болғандықтан басқа елге көшкісі келеді екен.

4.2 Халықаралық ынтымақтастықтағы негізгі бағыттар

Сыртқы саясат елдің дамуында маңызды рөл атқарады, оның ішінде қоғамдағы ахуалға ықпал етеді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, басым көпшілігі Қазақстан бірінші кезекте, халықаралық ынтымақтастықты Ресеймен дамытуы тиіс деп есептейді (78,0%) (39 кесте).

Жас жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі Қытайды (35,1%) «халықаралық аренадағы» сенімді серіктесі ретінде белгілеген, Еуропалық Одақты жауап берушілердің төрттен бір бөлігі атаған (24,9%).

39 кесте. «Қазақстан бірінші кезекте қай елдермен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуы тиіс?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Ресеймен	78,0
Қытаймен	35,1
Еуропалық Одақпен	24,9
АҚШпен	10,8
Орталық Азия елдерімен	10,2
Мұсылман елдерімен	2,6
Басқа (Германия, Украина)	0,3
Жауап беруге қиналамын	5,6

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, халықаралық ынтымақтастық пен жастардың тұрғылықты тұру аймағы арасынан таңдау кезінде болмашы байланыс көрінеді. Біріншіден, жастардың басым көпшілігі Ресеймен ынтымақтастықты қолдайды. Бұл ретте сауалнама жүргізілген барлық облыстардағы пікірлер біртұтас. Екіншіден, Еуропалық Одақты болашақтағы серіктес ретінде жиі Ақмола (32,3%) және Батыс-Қазақстан (36,5%) облыстарында тұратын жастар белгілейді екен. Үшіншіден, Қытай сияқты ірі ойыншыны жиі Қостанай (41,6%), Павлодар (39,1%) және Солтүстік-Қазақстан (50%) облыстарының жауап берушілері белгілеген.

АҚШты Қазақстанның экономикалық және саяси серіктесі ретінде жиі Ақмола (23,3%) және Шығыс-Қазақстан облыстарында белгілегенін атап өткен жөн (40 кесте).

40 кесте. «Қазақстан бірінші кезекте қай елдермен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуы тиіс?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (аймақтар бойынша, %)

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Еуропалық Одақпен	32,3	17,4	36,5	17,6	28,3	31,8	23,2
Қытаймен	23,7	33,4	31,8	32,7	41,6	39,1	50,0
Ресеймен	69,4	71,5	83,4	77,9	85,3	80,7	83,5
АҚШпен	23,3	15,1	7,1	7,9	9,4	6,0	4,3

	Ақмола	Шығыс-Қазақстан	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Павлодар	Солтүстік-Қазақстан
Орталық Азия елдерімен	7,8	11,6	14,2	9,9	7,7	12,0	7,9
Мұсылман елдерімен	3,4	2,6	4,7	2,3	0,7	2,1	3,7
Басқа	-	-	-	-	0,3	0,8	-
Жауап беруге қиналамын	1,7	7,9	,9	10,4	2,4	4,7	4,9

Тарау бойынша қорытындылар

Славян ұлттық тобы өкілдерінің неліктен елден көшуді жоспарлайтындарының негізгі себептері – бұл жұмысқа орналасу кезінде астыртын бәсекелестік және тілдік барьер болып табылады.

Аталмыш зерттеу шеңберінде славян ұлттық тобының өкілдеріне көші-қон көзқарастарын бағалау мақсатында тиісті сұрақтар қойылып, келесідей жауаптар алынды. Жауап берушілердің жартысынан көбі түрлі ұлт өкілдері тұратын қалада тұруды қалайды (68,6%), жауап берушілердің тағы 13,3% түрлі ұлт өкілдері болып табылатын ауылда тұрғылары келеді екен.

Славян ұлт тобы өкілдерінің жауап берушілерінің көші-қон көзқарастарын жас ерекшеліктері тұрғысынан қарастырсақ, ол келесідей болады. Сауалнамаға қатысқан жастардың жастары жас болған сайын, олардың көші-қон көзқарастары жоғары. Атап айтсақ, 14 тен 19 жастағы жауап берушілердің 17% тұрақты түрде тұру үшін басқа елге алдағы жылдың ішінде көшуді жоспарлап отыр, 20 дан 23 жастағы жастар арасында бұл көрсеткіш 15,5% құрайды, және 24 тен 29 жастағылар арасында бұл көрсеткіш төмен – 10,4%. Осындай жауап берушілердің жас ерекшеліктерімен байланыс алдағы үш жыл ішінде тұрақты тұру үшін басқа елге көшу мүмкіндігімен байқалады. Және, керісінше, жастардың жасы ұлғайған сайын олардың көші-қон көзқарастары да төмендей түседі.

Солтүстік-Қазақстан облысында тұратын славян ұлттық тобының өкілдері жауап беруші жастары алдағы жыл ішінде өздерінің басқа елге көшу мүмкіндігі туралы жиі сөз етеді – 14 до 29 жасындағы әр төртінші тұрғыны (25%). Солтүстік-Қазақстан облысынан басқа Қарағанды және Қостанай облысын атап өткен жөн – жауап берушілердің 15,3% және 15,7% сәйкесінше тұрғыны өздерінің басқа елге көшу мүмкіндігін белгіледі.

Сыртқы саясат елдің дамуында маңызды рөл атқарады, оның ішінде қоғамдағы ахуалға ықпал етеді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, басым көпшілігі Қазақстан бірінші кезекте, халықаралық ынтымақтастықты Ресеймен дамытуы тиіс деп есептейді (78,0%) (39 кесте).

Жас жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі Қытайды (35,1%) «халықаралық аренадағы» сенімді серіктесі ретінде белгілеген, Еуропалық Одақты жауап берушілердің төрттен бір бөлігі атаған (24,9%).

5 тарау. Жастардың құндылықтар бағдары және мінез-құлық ұстанымдары

5.1 Құндылықтар бағдары


Тұлғаның құндылықтар ұстанымдары адам өмірін ұйымдастыратын үлкен және шағын әлеуметтік топтардың өзара байланыстарының өнімі болып табылады. Нәтижесінде нақты осы ұстанымдар жеке ынталандырудың бағдары мен көздерін анықтайды.

Жас буынның құндылықтар ұстанымдары тәжірибе негізінде қалыптасады, яғни әлеуметтік сипатқа ие. Құндылықтар өмірлік ұстанымдар мен артықшылықтарын қалыптастыру үшін негіз ретінде болады, сондықтан, болашақта жас адамдардың өмірлік стратегиялары мен басты өмірлік артықшылықтарын анықтайды.

Зерттеу барысында славян ұлтты жастардың басымды құндылықтары зерттелді. Жауап берушілерге сұраққа жауап беріп, ұсынылған тізімнен үш маңызды өмірлік құндылықты таңдау ұсынылды.

Сауалнама нәтижелері бойынша, жауап берушілердің басым көпшілігі басымды өмірлік құндылықтар арасынан «отбасын» таңдады – 83,7%. Келесі маңыздылығы жағынан жастар үшін маңызды өмірлік құндылық «денсаулық» болып табылады (61,6%). Жауап берушілердің үштен бір бөлігі (30,1%) маңызды құндылықтар тобына «материалдық қамтушылық, байлықты» жатқызды. «Достық» жауап берушілердің 23,9% үшін маңызды екен. «Билік» және «жұмыс» сияқты маңыздылығы жағынан қарама-қайшы ұстанымдар басқа құндылықтар түсінігінен қалыс қалып, рейтингте сәйкесінше 3,1% және 0,1% көрсетіп отырғанын атап өткен жөн (18 диаграмма).

18 диаграмма. «Сіз үшін өмірде ең басты құндылық не?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Құндылықтарды қабылдаудағы айырмашылықтарды түрлі жас ерекшеліктері жағынан топтарды талдау кезінде келесі заңдылықты аңғаруға

болады. Жауап берушілердің өмірлік құндылықтар иерархиясының бірінші бестігіне отбасы – 83,7%, денсаулық – 61,6% және достық – 23,9%, материалдық тұрғыда қамтылған өмір – 30,1%, білім, оқу – 16,4% жатқызылған. Оларды негізгі құндылықтарға жатқызуға болады.

Екінші бестікке «махаббат» – 15,5%, «өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі сыйлау» – 13,1%, «наным, дін» – 9%, «жан тыныштығы» – 8,4%, «тәуелсіздік» – 7% жатады деп көрсеткен.

Бұл деректер сыни емес, бірақ жастардың жастары ұлғайған сайын бірінші орынға отбасы және денсаулық шығатыны байқалады (41 кесте).

41 кесте. «Сіз үшін өмірде ең басты құндылық не?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін
Наным, дін	7,9	11,2	8,7
Отбасы	81,0	82,4	86,3
Билік	4,7	3,3	1,8
Достық	30,2	22,7	19,9
Денсаулық	56,4	58,9	66,9
Жан тыныштығы	6,2	7,2	10,6
Білім, оқу	24,6	16,5	10,3
Материалдық қанағаттанушылық, байлық	22,3	33,1	34,3
Махаббат	16,0	16,5	14,6
Өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі сыйлау	13,2	15,1	12,0
Тәуелсіздік	5,6	7,6	7,7
Отанға деген сүйіспеншілік	5,6	4,5	2,6
Қоғамда жоғары сатыны иелену	2,2	3,5	2,6
Жауап беруге қиналамын	0,2	0,2	0,1


Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың пікірлері және олардың өмірлік құндылықтарға деген көзқарасы тұрғылықты тұрып жатқан елдімекендерге байланысты емес: отбасын маңызды құндылық ретінде Ақмола облысының жастары 84,5%, 80,3% - Шығыс-Қазақстан облысының, 73% – Батыс-Қазақстан облысының, 80,6% – Қарағанды облысының, 92% - Қостанай облысының, 88,8% - Павлодар облысының, 91,5% - Солтүстік-Қазақстан облысының жастары белгілеген.

Субмәдениет деп кең мағынада «ресми» мәдениеттің жартылай мәдени шағынжүйесі түсінеді, ол өмір стилін, құндылықтардың иерархиясын және оны ұстанушыларының менталитеті. Яғни субмәдениет – бұл мәдениет ішіндегі мәдениет. Жастар субмәдениеті ретінде нақты жас буынның мәдениеті, ол өмір стилі, мінез-құлық, топтық нормалардың, құндылықтар мен стереотиптердің ортақты қабылданады. Социологиялық зерттеу барысында біз славян ұлттық тобы өкілдерінен олардың жастар субмәдениетіне деген көзқарасын білгіміз келді.

Осындай мақсатпен оларға «Сіз жастар субмәдениеті (рокер, панк, эмо, жанкүйерлер және т.т.) деп аталатын формалды емес бірлестіктер өкілдері болып табылатын жастарға қалай қарайсыз?» деген сұрақ қойылды. Белгілі

болғандай, жауап берушілердің жартысынан көбі жастар субмәдениетіне деген көзқарастары бейтарап болып шықты (52,1%). Жауап берушілердің үштен бір бөлігі оларға теріс қараймыз деп жауап берді (33,3%). Формалды емес бірлестіктер мүшелеріне оң көзқарасты зерттеуге қатысушылардың 12,1% білдірді (19 диаграмма).

19 диаграмма. «Сіз жастар субмәдениеті (рокер, панк, эмо, жанкүйерлер және т.т.) деп аталатын формалды емес бірлестіктер өкілдері болып табылатын жастарға қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Формалды емес жастар бірлестіктеріне қалалық жастары да (54,9%), сондай-ақ ауылдың жастары да (47,6%) төзімділік көзқарспен қарайтын көрінеді (42 кесте).

42 кесте. «Сіз жастар субмәдениеті (рокер, панк, эмо, жанкүйерлер және т.т.) деп аталатын формалды емес бірлестіктер өкілдері болып табылатын жастарға қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (гендерлік, жас ерекшеліктері, қалалық және ауылдық тұрғындар тұрғысынан, %)

	Ерлер	Әйелдер	Қалалық жастар	Ауылдық жастар	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Оң	12,2	12,0	12,9	10,8	17,6	11,2	8,6
Бейтарап	50,3	54,0	54,9	47,6	47,8	53,3	54,6
Теріс	34,8	31,8	30,6	37,6	31,5	32,4	35,1
Жауап беруге киналамын	0,1	0,1	0,1	0,3	0,3	0,1	0,1

Әрі қарай жауап берушілер жастарды формалды емес бірлестіктер, топтар қатарына кіруге нендей себептер итермелейді деген сұраққа жауап берді (43 кесте).

43 кесте. «Сіздің ойыңызша, жастарды формалды емес бірлестіктер, топтар қатарына кіруге нендей себептер итермелейді?» деген сұраққа мәліметтердің бөлінуі (%)

	%
Ата-аналармен түсініспеушілік, ересек адамдармен қиындықтар	19,2
Өз беделін көтеруге ұмтылу	24,0
Бостандыққа ұмтылу, тәуелсіздік	18,5
Жалғыздық	11,9
Басқа еліктеу, топтасу	16,5
Өзін, өз қабілеттерін іске асыру	7,6
Ештеңе істемеушілік	0,2
Жауапсыздық, проблемалардан қашу, қорқақтық	0,2
Психикалық денсаулықтағы ауытқулар	0,1
Жұмыссыздық	0,1
Басқа	0,1
Жауап беруге қиналамын	6,1

Жеткіншектердің көпшілігі формалды емес жастар бірлестіктеріне өздерінің түрлі себептерге байланысты бос уақыттарын ұйымдастырылмағандықтан кіреді. Нәтижелер көрсеткендей, **жауап беруші жастардың төрттен бір бөлігі (24 %)** формалды емес жастар топтарына кірудің ынталандыратын себебі өз беделін көтеруге ұмтылу болып табылады. Олар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі емеспіз деп санайды, сондықтан, өздерін және қоршаған ортаны сендіру үшін формалды емес бірлестіктер мен топтарға кіреді. Жауап берушілердің 19,2% себеп ретінде ата-аналармен түсініспеушілік, ересек адамдармен қиындықтарды атап отыр.


Жеткіншектер мен қоғам арасындағы басты делдал ретінде жиі ата-аналар болып табылады. Өйткені нақты отбасы, отбасылық өзара қарым-қатынас стилі жеткіншектің тұлғасын дамыту мен қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан жастардың формалды емес топтарға араласуын алдын алу мақсатында ата-аналар қауымдастығымен қатынасу жүйесін белсендету қажет.

Субмәдениеттердің айырмашылығы бар, біреуі өздерін қиялдың шеңберімен шектесе, екіншілері шектемейді. Жастар біздің қатал шындықтан кетуге ұмтылады да өздерінің шындығын ойдан шығарады. «Ролевиктерв» деп аталатындардың қиялы шексіз болады – олар өздеріне кез келген өмірді ойдан шығарып, сонда өмір сүре береді.

Жауап берушілердің көпшілігі формалды емес бірлестіктер жастарға өздерінің азаматтық ұстанымын сыртқа шығаруға көмектеспейді деп есептейді (сомалық көрсеткіш 68,2%).

Жауап берушілердің 15,5% жастар формалды емес бірлестіктер арқылы өздерінің пікірлері жайлы шағымдануларына болады деп санайды (20 диаграмма).

20 диаграмма. «Сіз формалды емес бірлестіктер жастарға өздерінің азаматтық позицияларын, өздерінің пікірлерін көрсетуге көмектеседі деп есептейсіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Жас ерекшеліктер топтары тұрғысынан келесідей ерекшеліктер бар. Атап айтсақ, 14 тен 20 жастағы жауап берушілердің 28,3% «жоқ» деген жауап нұсқасын таңдаса, 20 дан 23 жастағы жастар – 33,7% , 24 тен 29 жастағылар – 37,6% таңдапты (44 кесте). Бас тарту пікірлері әйелдерге қарағанда (32,3%) жиі ерлер арасында (35,1%) кездеседі екен.

44 кесте. «Сіз формалды емес бірлестіктер жастарға өздерінің азаматтық позицияларын, өздерінің пікірлерін көрсетуге көмектеседі деп есептейсіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (жас ерекшеліктері жағынан, %)

	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Иә	10,3	7,0	4,7
Жоқтан гөрі иә	18,5	15,1	13,6
Иәдан гөрі жоқ	32,7	35,7	35,2
Жоқ	28,3	33,7	37,6
Жауап беруге қиналамын	10,1	8,5	8,8

5.2 Өмір сапасын бағалау

Сауалнама жүргізу барысында славян ұлттық тобы өкілдері арасында өмір сапасының көрсеткіші өлшенген болатын. Ол үшін оларға «Сіздің өміріңіз және отбасыңыздың өмірі соңғы 2-3 жыл ішінде қаншалықты өзгерді?» деген сұрақ қойылды. Социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша жауап берушілердің үштен бір бөлігі олардың өмір деңгейі соңғы 2-3 жыл ішінде өзгерген жоқ деп жауап берді (33,6%). Жауап берушілердің тағы 29% олардың өмір деңгейлері жақсарған шығар деп белгілеген. Нәтижесінде оң жауаптардың сомалық көрсеткіші («жақсарды» және «жақсарған шығар») 54,9% құрады (21 диаграмма).

21 диаграмма. «Сіздің өміріңіз және отбасыңыздың өмірі соңғы 2-3 жыл ішінде қаншалықты өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Аталмыш сұраққа берілген жауаптарда жастары мен гендерлік айырмашылықтар жоқ екені байқалады. Атап айтсақ, 14 тен 18 жастағы жауап берушілердің 34,3% соңғы 2-3 жылдың ішінде олардың өмірлері және отбасыларының өмірі өзгерген жоқ деп есептейді, 19 дан 23 жастағы жастар 36,2% өмірінде де айтарлықтай өзгерістер орын алмаған көрінеді. Бұл көрсеткіш 24 тен 29 жастағы жастар арасында 31,8% құрады. Көрінетіндей өмірдегі өзгерістердің болмауы жастар арасында оптимистік көзқарастың дамуына кедергі келтірмейді. 14 тен 18 жастағылардың «өмір жақсарды» және «жақсарған шығар» жауап нұсқаларының сомалық көрсеткіші 55,7%, 19 дан 23 жастағылар арасында – 53,5%, 24 тен 29 жастағылар арасында – 55,1% құрады (45 кесте).

45 кесте. «Сіздің өміріңіз және отбасыңыздың өмірі соңғы 2-3 жыл ішінде қаншалықты өзгерді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (гендерлік, жас ерекшелігі жағынан, %)

	14 тен 18 жасқа дейін	19 дан 23 жасқа дейін	24 тен 29 жасқа дейін	Ерлер	Әйелдер
Жақсарды	26,6	26,4	25,0	26,9	24,9
Жақсарды деп ойлаймын	29,1	27,1	30,1	28,8	29,3
Өзгерген жоқ	34,3	36,2	31,8	34,0	33,3
Нашарлады деп ойлаймын	5,5	6,6	8,2	6,6	7,3
Нашарлады	1,4	1,9	2,9	2,1	2,2
Жауап беруге қиналамын	3,1	1,9	2,1	1,7	3,0

Отбасылық дәрежелер белгісі бойынша корреляциялық деректерді талдау тіркелген некеде тұрған жастардың 59,3% алдағы жыл ішінде өмірлерінің жақсаратынына сенім білдіреді. Тіркеусіз бірге тұрып жатқан жастардың 47,1%, үйленбеген және тұрмыс құрмағандардың 54,4% жақсы


өмірді қалайды. Пессимистік көзқарасқа келетін болсақ, жесірлердің 62,5% өз өмірлерінің өзгертініне сенімсіздікпен қарайтыны байқалады. «Нашарлайды» деген жауап нұсқасын ресми тіркеусіз бірге тұрып жатқан жастардың 3,8%, үйленген және тұрмыс құрғандардың 2,2%, үйленбеген және тұрмыс құрмағандардың 2,1% белгілегеніне назар аударған жөн (46 кесте).

46 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (отбасылық жағдайлары бойынша, %)

	Үйленген, тұрмыс құрған	Ресми некесіз бірге тұрып жатыр	Үйленбеген, тұрмыс құрмаған	Жесір	Ажырасқан
Жақсарады	27,2	14,4	26,4	0,1	18,0
Жақсарады деп ойлаймын	32,1	32,7	28,0	12,5	21,3
Өзгермейді	28,6	33,7	35,9	62,5	41,0
Нашарлайды деп ойлаймын	8,1	9,6	5,6	12,5	14,8
Нашарлайды	2,2	3,8	2,1	0,1	1,6
Жауап беруге қиналамын	1,8	5,8	2,1	12,5	3,3

Сауалнама мәліметтері бойынша, болашақта жақсылық болады деген үміті жауап беруші жастардың басым көпшілігіне жақын: 33,7% алдағы жылда олардың өмірлері жоғарлайтынына сенімді (22 диаграмма).

22 диаграмма. «Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Олардың ішінде жауап берушілердің 28% нақты жақсылықтар орын алатынына үміттенеді, сауалнама қатысушыларының 24,4% олардың өмір деңгейі өзгермейді деп есептейді, ал 0,9% оның нашарлауы мүмкін деп шағымданды, 9% біркелкі жауап бере алмады. Әдетте бұл жас өспірімдік максимализм және ұмтылыстардың көрінісі болып табылады, позитивті көңіл-күй жетістікке жетуге және сенімді болуға ықпал етеді (47 кесте).

47 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Жақсарады	28,0
Жақсарады деп ойлаймын	33,7
Өзгермейді	24,4
Нашарлайды деп ойлаймын	3,9
Нашарлайды	0,9
Жауап беруге қиналамын	9,0

Төменде көрсетілген деректерден көргендей, ауап берушілердің гендерлік аспект жағынан пікірлері тең үлестермен бөлініп отыр. Атап айтсақ, өмір жалпы «жақсарады және жақсаратын шығар» деген пікірі ерлердің (56,1%) және әйелдердің (67,4%) жалпы сомалық пайыздық көрсеткіштерін көрсетті (48 кесте).


48 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (гендерлік тұрғыда, %)

	Ерлер	Әйелдер
Жақсарады	28,8	27,3
Жақсарады деп ойлаймын	33,5	33,9
Өзгермейді	25,1	23,8
Нашарлайды деп ойлаймын	4,3	3,5
Нашарлайды	0,7	1,1
Жауап беруге қиналамын	7,7	10,4

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында, адам үшін бос уақыт нақты құндылық болып табылады, себебі бұл уақыт тұлғаның дамуы үшін берілген уақыт. Бірақ уақытқа құндылық ретінде көзқарас бірден пайда болмайды. Бірқатар зерттеуші бос уақытты шектеусіз мүмкіндіктер кеңістігі деп интерпретациялайды, ол тек «жұмыстан демалу» сияқты қарастырылмауы тиіс, сондай-ақ «өзің үшін демалу» деген мағынада болуы тиіс.

Деректер бойынша, бос уақыттың маңыздылығы барлық жастағы жауап берушілер үшін бірдей. Мәліметтерге жасалған талдау жауап берушілердің басым көпшілігі (72,7%) бос уақытта достарымен кездеседі екен, ал жастардың жартысы өздерінің бос уақыттарын әлеуметтік желілерде өткізеді екен – 52,3% (23 диаграмма).

23 диаграмма. «Сіз өз демалысыңызды, бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)



Жауап берушілер арасында театр, музей, көрмелер, концерттерге (11,8%) баратындар, сондай-ақ кітаптар мен газеттер оқитын (34,9%) жауап берушілер саны аз (49 кесте).

49 кесте. «Сіз өз демалысыңызды, бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Достармен кездесесіз	72,7
Теледидар көресіз	49,8
Музыка тыңдайсыз	43,0
Музыкалық концерт, фестивальдерді тамашалайсыз	5,8
Спортпен, фитнеспен шұғылданасыз	28,2
Газет оқисыз	10,0
Кітап оқисыз	24,9
Интернет-сайттарды парақтайсыз (әлеуметтік желіден басқа)	20,9
Интернетте сұхбат жүргізесіз (әлеуметтік желілер, форумдар)	52,3
Компьютерлік ойындар ойнайсыз	14,9
Театр, музей, көрмелерге барасыз	6,0
Бар, мейрамхана, дәмхана, клуб, дискотекаларға барасыз	14,8
Шопинг жасайсыз	9,4
Волонтерлік қызметпен айналысасыз (адамдарға, жануарларға көмектесесіз, қоршаған ортаны қорғауға атсалысасыз және т.т.)	2,4
Ұлттық-мәдени орталықтың қызметіне араласыз	1,5
Қоғамдық бірлестіктің, қозғалыстың жұмысына атсалысасыз	1,4
Саяси партиялардың қызметіне қатысасыз	0,4
Шіркеуге барасыз, діни жоралғыларды атқарасыз	4,6
Басқа (балаларды тәрбиелеумен айналысамын, бос уақытым жоқ, автомобильді жөндеумен шұғылданамын, ғылыммен айналысамын, табиғатқа шығамын, үй шаруасын атқарамын)	1,0
Жауап беруге қиналамын	1,5

Отбасылық-туыстық қарым-қатынастың мазмұнын зерттеу, оларды реттейтін нормаларды талдау осы қатынастардың негізгі қызметі туыстық топ мүшелерінің дене және әлеуметтік ауқаттылығының сақталуына қамқор болу, олардың денсаулығын, әлеуметтік жағдайын және абыройын қорғау болып табылады деп санауға мүмкіндік береді. Отбасында көрсетілеін және қабылданатын көмек ең зор оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді, уақытында және нәтижелі берілген көмек бола алады, өйткені ол жақын адамдармен көрсетіледі, олар қазіргі уақытта осындай көмекке мұқтаж адамның барлық тұтынушылығы мен мүдделерін басқаларға қарағанда жақсы біледі. Алынған деректер көрсеткендей, жас жауап берушілердің жартысына көбі нақты қауіп төнген жағдайда, бірінші кезекте, көмек үшін өз отбасына, туыстарына шағымданады екен – 66%, содан кейін барып құқық қорғау органдарына барады – 47,8%. Мәліметтер 50 кестеде берілген.

50 кесте. «Сіздің меншігіңізге, денсаулығыңызға немесе өміріңізге нақты қауіп төнген жағдайда Сіз көмек алу үшін кімге жүгінер едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (%)

	%
Отбасына, туыстарыма	66,0
Достарым, таныстарыма	27,9
Құқық қорғау органдарына (полиция, ПД және т.т.)	47,8
Жергілікті билік органдарына	8,7
Бұқаралық ақпарат құралдарына (телевидение, баспа өнімдері, радио)	6,8
Саяси партиялар, қозғалыстарға	1,7
Қоғамдық ұйымдар, қозғалыстарға	1,5
Өз ұлттық-мәдени қауымдастыққа	0,8
Жауап беруге қиналамын	2,3

Егер бұл мәселені жас ерекшеліктер тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда жауап берушілердің жасы ұлғайған сайын олар соншалықты сирек ата-аналарына көмек алу үшін жүгінеді екен, мысалы, 14 тен 19 жастағы жауап берушілердің 71,5% ата-аналарына жүгінсе, 20 дан 23 жастағылардың 65,3% және 24 тен 29 жастағылардың 62,4% көмекке жүгінеді екен. Бұл деректер сыни емес, бірақ жастардың жастары ұлғайған сайын жиі жастар өз проблемаларын өздері шешеді екен (51 кесте).

51кесте. «Сіздің меншігіңізге, денсаулығыңызға немесе өміріңізге нақты қауіп төнген жағдайда Сіз көмек алу үшін кімге жүгінер едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (гендерлік, жас ерекшеліктері жағынан, %)

	Ерлер	Әйелдер	14 тен 19 жастағы	20 дан 23 жастағы	24 тен 29 жастағы
Отбасына, туыстарыма	60,4	71,7	71,5	65,3	62,4
Достарым, таныстарыма	32,8	23,1	29,1	30,2	25,8
Құқық қорғау органдарына (полиция, ПД және т.т.)	45,6	50,1	44,5	44,8	51,9
Жергілікті билік органдарына	9,0	8,4	6,9	9,7	9,5
Бұқаралық ақпарат құралдарына (телевидение, баспа өнімдері, радио)	6,8	6,8	3,1	7,0	9,4
Саяси партиялар, қозғалыстарға	1,9	1,5	1,6	2,1	1,6
Қоғамдық ұйымдар, қозғалыстарға	1,7	1,4	2,0	1,4	1,3
Өз ұлттық-мәдени қауымдастыққа	0,9	0,7	0,6	1,4	0,6
Жауап беруге қиналамын	3,2	1,5	2,3	3,1	1,9

Туыстық көмек көрсету қатынастарында (әсіресе балалар-ата-аналық) әйелдер ер адамдарға қарағанда белсенді көзқарас ұстанады екен. Отбасылық-туыстық қатынастар әлеуметтік қолдаудың табығи жүйесі іспеттес. Осындай жүйе индивидтердің күнделікті қатынау нәтижесінде стихиялық түрде пайда болады.

Зерттеуіміздің нәтижелері бірқатар жағдайда осындай табиғи жүйе көмек көрсету және қолдау қызметін ресми жүйеге қарағанда жақсырақ атқаратынын көрсетеді.

Жас кезінде әрбір жас адамның еліктеу үшін беделді адамды және үлгі тұтарлық тұлғаны таңдау саналы түрде немесе санадан тыс дәрежеде өтуі мүмкін. Алайда тұлғаны қалыптастыру мақсатында еліктеу үшін беделді адамды және үлгі тұтарлық тұлғаны таңдау – өмірдегі маңызды сатылардың бірі.

Жастар осы таңдау жасауға қалай келеді, неге сүйенеді және еліктеу үшін беделді адамды және үлгі тұтарлық тұлғаны таңдауды қалай жасайды? Жастардың осы санатты таңдаған кезде қалай ықпал етуге болады? Еліктеу үшін беделді адамды және үлгі тұтарлық тұлғаны таңдаудың ықпалы ретінде алынған білімнің 14 тен 29 жастағы жастармен жұмыс істейтін мамандарға көмек бере ала ма (24 диаграмма).

24 диаграмма. «Сіз қалай есептейсіз, кім бүгін жастар үшін абыройға бөленген, идеал болуы мүмкін?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі



Жауап беруші жастардың көпшілігі, қазіргі әлемде еліктеу үшін беделді адамдар және үлгі тұтарлық тұлғалар бар екенін алға тартады (жауап берушілердің 88,2% олардың еліктеу үшін беделді адамдар және үлгі тұтарлық тұлғалар бар деп есептейді, ал жауап берушілердің 11,3% олардың еліктеу үшін беделді адамдары және үлгі тұтарлық тұлғасы жоқ екенін көрсетеді, 11% жауап беруге қиналды). 14 тен 29 жастағы қазіргі жастар үшін беделді тұлға ретінде қоғамдық адамдар (71,6%) және ата-аналар болып табылады (6,1%) (9 диаграмма). Еліктеу үшін үлгі тұтарлық тұлға ретінде еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевты (15,2%) да таңдап отырғанын жеке атап өткен жөн. Еліктеу үшін беделді адамдары мен үлгі тұтарлық тұлғалары бар жауап беруші жас адамдар өздерінің таңдауын келесідей нақтылады:

- ❖ отбасы (ата-аналар, ағалар, апалар, әжелер, аталар және т. т.).
- ❖ қоғамдық тұлғалар (президенттер, саясаткерлер, актерлер, әншілер, тележүргізушілер, олимпиада чемпиондары, жазушылар, суретшілер).

Беделді тұлға мінез-құлық ерекшеліктері мен мәнерлерін бағдарлауға итермелейді, өмірдегі идеалдар мен дүниетанымды, принциптері мен нормаларын таңдауға көмектеседі. Таңдау жасай білу өте маңызды, өйткені ол адамға оң жағынан да, жағымсыз жағынан да әсер етуі мүмкін.

Алдымен жастар стандарттан өзгеше ойлай алатын шығармашылық адамдардың істеріне тәнті болады, сондай-ақ көңілді және көпшіл адамдарды таңдайды. Оның ішінде, өнер қайраткерлері мен ғалымдар жас адамдарды шабыттандыруы мүмкін. Мейірбан, сезімтал, ашық және адал адамдар, жауап берушілердің пікірінше, адамды шабыттандыра алады деп есептейді.

Бұл ретте жастардың ваннадағы жеке айнысының алдында беделді адамға ұқсау керек емес, керісінше қоғамда беделді адам болуға тырысу керек деген сөз.

52 кесте. «Сіз қалай есептейсіз, кім бүгін жастар үшін абыройға бөленген, идеал болуы мүмкін? Мысалы, белгілі спортшы, саяси қайраткер, басқа белгілі, немесе, керісінше, белгісіз адам?»* деген сұраққа жауаптардың бөлінуі (% , сомасы 100% тең емес, өйткені жауап берушілер бір жауаптан көп жауап нұсқасын белгіледі)

	%
Ел Президенті Н.А. Назарбаев	15,2
Геннадий Головкин	11,0
Илья Ильин	2,2
Ата-аналар	5,9
Ресей Президенті В.В. Путин	4,4
Спортшылар	3,0
Саясаткерлер	2,2
Әртістер	1,1
Серік Сәпиев	1,2
Жауап жоқ	25,0
Ешкім	11,3
Басқа	16,4

* Жауаптар жауап берушілердің сөздерінен жазылып алынды

Жастар үшін абыройлы адамдар ретінде Геннадий Головкин (11%), Илья Ильин (2,2%), Серік Сапиев (1,2%), Данияр Елеусинов (0,3%), Иван Дычко (0,2%), Мария Шарапова (0,2%), Адильбек Ниязымбетов (0,1%) сынды және т.т. танымал қазақстандық спортшылар болып табылатыны қуантады. Жастар салауатты өмір салты және елде спортты дамыту үшін екенін атап өткен абзал.

Сондай-ақ жауап берушілердің арасында ешкімге еліктеудің керек емес, қойып отырған мақсаттарға дербес қол жеткізгісі келетіндер бар екенін атап өткен дұрыс.

Жауап берушілердің көпшілігі үшін еліктеу үшін беделді адамдарды және үлгі тұтарлық тұлғаны таңдау өте маңызды. Жауап берушілердің кеңейтілген жауаптары болып жатқан суретті толық көруге мүмкіндік алдық, сондықтан сеніммен заманауи әлемде еліктеу үшін көптеген беделді адамдар мен үлгі тұтарлық тұлғалар бар деп айта аламыз (қызықты, жарқын және и ғажап адамдар). Еліктеу үшін беделді адамдар және үлгі тұтарлық тұлға рефлекторлық емес, ішкі құндылықтар жүйесінің негізінде таңдалып

алынады. Бірақ беделді адамдар жағымды және жағымсыз адам болып шығуы мүмкін болатынын ұмытпаған абзал.

Нақты беделді адам олар үшін мінез-құлық ерекшеліктері мен мәнерлерін бағдарлауға итермелейді, өмірдегі идеалдар мен дүниетанымды, принциптері мен нормаларын таңдауға көмектеседі. Тұлғаның қалыптасу кезінде жастар осындай тауып, оның артынан еруге дайын бола алғандары абзал. Таңдау маңызды, өйткені ол адамға жағымды не жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Тарау бойынша қорытындылар

Жалпы жауап беруші жастар оптимистік көзқарас танытып, өздерінің болашағы мен болашақтағы мүмкіндіктерін жоғары бағалап отыр. Жауап беруші жастардың көпшілігі тек өз өміріне ғана емес, сондай-ақ өздері тұрып жатқан аймақтардың дамуына қанағат тұтады, материалдық мүмкіндіктерін жоғары бағалайды.

Барлық адамдардың өмірлік құндылықтары сан алуан. Біреулер бірінші орында мансабы, ақша, достар, дүние және т.т. болуы тиіс деп есептейді. Бірақ бұл пікір бір мәнді және соңғы болмайды. Адам есейеді, даналығы артады, және уақыт өткен сайын өзінің өмірлік бағдарларын да өзгертеді. Бірінші орында болған, екіншіге ауысады, ал соңғы орында тұрған құндылық кенет бірінші орынға шығады. Сауалнама нәтижелері бойынша жауап берушілердің басым көпшілігі басымды өмірлік құндылықтар арасынан «отбасын» алға шығарды – 83,7%. Келесі маңыздылығы жағынан жастар үшін өмірлік құндылық ретінде «денсаулық» болып табылады (61,6%). Жауап берушілердің 30,1% маңызды құндылықтар тобына «материалдық қамтуылық, байлықты» қойып отыр. «Достық» жауап берушілердің 23,9% үшін маңызды болып табыбалды.

Белгілі болғандай, жауап берушілердің жартысынан көбі жастар субмәдениетіне деген көзқарастары бейтарап болып шықты (52,1%). Жауап берушілердің үштен бір бөлігі оларға теріс қараймыз деп жауап берді (33,3%).

Жеткіншектердің көпшілігі формалды емес жастар бірлестіктеріне өздерінің түрлі себептерге байланысты бос уақыттарын ұйымдастырылмағандықтан кіреді. Жауап беруші жастардың 24 % формалды емес жастар бірлестіктеріне, топтарына кіруге ынталандыратын себеп ретінде «өз беделін көтеруге ұмтылу болып табылады», «ата-аналармен түсініспеушілік, ересек адамдармен қиындықтар» - 19,2%, «басқа адамдарға еліктеу, топтасу» - 16,5%, «жалғыздық» - 11,9%, «өз қабілеттерін іске асыру» - 7,6% атап отыр.

Адам мінез-құлқының ерекшелігі (тұрақты формада — мінезінің ерекшелігі), сыртқы жағдайларға немесе эмоцияға байланысты алғашқы сұрау бойынша әрекет етуге дайындық болып табылады. Импульсивті адам өзінің қылықтарын ойланбайды, «иә» және «қарсы» деп таразыламайды, ол тез және тікелей әрекет етеді, және соншалықты тез өз әрекетіне өкініш білдіреді.

Нәтижесінде оң жауаптардың сомалық көрсеткіші («жақсарды» және «жақсарған шығар») 54,9% құрады. Облыстар тұрғысынан алғанда Батыс-Қазақстан облысы бүгінгі таңда еліміздің тұрақты дамып келе жатқан аймақтарының бірі болып табылады, тәуелсіздік жылдары ішінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуда толағай табыстарға жете алды. Экономикалық көрсеткіштің позитивті динамикасы өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Сауалнама мәліметтері бойынша, болашақта жақсылық болады деген үміті жауап беруші жастардың басым көпшілігіне жақын: 33,7% алдағы жылда олардың өмірлері жоғарлайтынына сенімді. Оның ішінде 28% нақты жақсылықтар болатынына сенім артады, сауалнамаға қатысушылардың 24,4% олардың өмір деңгейі өзгермейді деп санайды, ал 0,9% оның нашарлауы мүмкін деп шағымданды.

жауап берушілердің басым көпшілігі (72,7%) бос уақытта достарымен кездеседі екен, ал жастардың жартысы өздерінің бос уақыттарын әлеуметтік желілерде өткізеді екен – 52,3%. Бұл көрсеткіш қалалық жастарда 77% тең, ауылда – 68,6% тең. Ауылда тұратын жауап берушілердің 10,7%, ал қалада 5,4% мүлдем интернетті қолданбайды екен.

Жас жауап берушілердің жартысына көбі нақты қауіп төнген жағдайда, бірінші кезекте, көмек үшін өз отбасына, туыстарына шағымданады екен – 66%, содан кейін барып құқық қорғау органдарына барады – 47,8%.

Жауап беруші жастардың көпшілігі, қазіргі әлемде еліктеу үшін беделді адамдар және үлгі тұтарлық тұлғалар бар екенін алға тартады. Жауап беруші славян ұлтық тобының өкілдері үшін беделді адам ретінде қоғамлық адамдар (71,6%) және ата-аналар болып табылады (6,1%). Еліктеу үшін үлгі тұтарлық тұлға ретінде еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевты (15,2%) да таңдап отырғанын жеке атап өткен жөн.

Қорытынды

Сондықтан, социологиялық зерттеу нәтижелері жауап берушілердің пікірі бойынша елде ұлтаралық қатынастар нақты жағымды қалыптасқан деп көрсетеді.

Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар саласындағы жалпы жағдай жауап берушілердің жауаптары бойынша тыныш және бақуатты ретінде анықталады. Атап айтсақ, Қостанай облысының жас славяндері аймақтағы түрлі ұлттар арасындағы қатынастарды достық деп сипаттайды. Қарағанды және Солтүстік-Қазақстан облыстарында ұлтаралық қатынастардың біршама нашарлағанын көруге болады, осы аймақтардың тұрғындары соңғы жыл ішінде ұлтаралық қатынастар жағымсыз жаққа өзгергенін жиі атап отыр.

Жауап берушілердің үлкен бөлігі түрлі ұлттар арасындағы некелерді қолдайды және жарыңды таңдағанда оны өз ұлтыңның арасынан таңдаған жақсы деген көзқарасты қолдамай отыр. Сондай-ақ кемсітулерді дұрыс емес және кез келген жанжалды дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге болады деп санайтындар саны көп болып отыр. Қоғамдағы төзімділік градусына қатысты сөз ететін болсақ, оны да жағымды деп атауға болады.

Ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін нәтижелі деп санауға болмайды, өйткені әр бесіншісі ғана осындай шараларға бірнеше рет қатысқан, тек әр жиырмасыншысы осындай шараларға сан рет қатыстым деседі.

Ұлттық-мәдени орталықтар қызметіне атсалысатын жас славяндардың ең жоғары белсенділігі Батыс-Қазақстан облысына тиіселі екенін көрсетті. Ең жоғары пассивтілікті Ақмола облысының жастары көрсетіп отыр, олардың 75% ұлттық-мәдени орталықтардың шараларына қатыспайды екен. Қостанай және Шығыс-Қазақстан облыстарының жас адамдары осындай шаралардың өткізілмейтініне шағымданды.

Жас славяндардың басым көпшілігі олардың тұрғылықты елдімекендерінде ұлтаралық қақтығыстар болу мүмкін емес деп есептейді. Алайда жауап берушілердің 1/3 шағын, болмашы тұрмыстық шиеленістер мүмкіндігі болуы ықтимал деді, әсіресе осындай көзқарасты Қарағанды облысының тұрғындары белсенді ұстанады. Өте назарға алатындай жағдай Солтүстік-Қазақстан облысында байқалады, осы аймақтың жас славян өкілдерінің әр оныншыға жуығы ұлтаралық қақтығыстар болу қауіпі бар деп есептейді.

Тұратын елдімекендерінде ұлтаралық қақтығыстардың негізгі себептері ретінде қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары, баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы және ұлттық негіз тұрғысынан жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе жұмыстан босату болып табылады дейді. Қазіргі таңда жауап берушілерінің басым көпшілігі соңғы жыл ішінде ұлттық белгілер бойынша құқықтарының кемсітулерімен кезікпеген. Жауап берушілердің 10,8% ғана соңғы жылда олардың өмірінде құқықтарын кемсітудің жеке жағдайлары орын алғандарын белгілегеннен басқа.

Жауап берушілердің көп бөлігі өз құқықтарын қорғау кезінде заңды тәсілдерді қолданатындарын атап өткен жөн. Себебі жауап берушілердің жартысына жуығы өз құқықтарын сот және құқыққорғау органдары арқылы заңды түрде жүзеге асыратындарын көрсетті. Әр бесінші жауап беруші осындай жағдай туындайтын болса елден көшіп кететінін алға тартты. Және славян ұлтының әр оныншы өкілі ұлтының құқықтары үшін күшті қолдану керек болса да, кез келген тәсілдермен күресетін болатынын көрсетті.

Славян ұлттық тобы жастары өкілдерінің арасындағы көші-қон көңілі бірқалыпты сипатқа ие. Жауап берушілердің 58,6% соңғы жыл ішінде басқа елге көшуді жоспарламайды. 38,3% көшу туралы ойларын жасырмады. Олардың ішінде жауап беруші жастардың 13,7% алдағы бір жылдың ішінде көшуді жоспарласа, жауап берушілердің тағы 9,4% алдағы үш жылдың ішінде көшу мүмкіндігін белгілеп отыр.

Алдағы жылдың ішінде өздерінің басқа елге көшу туралы ойын Солтүстік-Қазақстан облысының славян ұлттық тобының өкілдері жиі сөз етуде – аймақтың 14 тен 29 жастағы әр төртіншісі (25%). Солтүстік-Қазақстан облысынан басқа Қарағанды (15,3%) және Қостанай (15,7%) облыстарын атап өту қажет.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстан халықаралық ынтымақтастықты бірінші кезекте Ресеймен дамытуы қажет деп есептейді (78,0%).

Жауап берушілердің үштен бір бөлігінен көбі «халықаралық аренадағы» сенімді серіктесі ретінде Қытайды (35,1%) белгілеген, Еуропалық Одақ жауап берушілердің төрттен бір бөлігімен белгіленген (24,9%).

Славян ұлттық тобы өкілдерінің жастарының өмірлік басымды құндылық ОТБАСЫ болып табылады – 83,7%. Маңызы жағынан екінші орында ДЕНСАУЛЫҚ (61,6%) белгіленген. Жалпы Славян ұлттық тобы өкілдері жауап берушілерінің құндылықтар құрылымы жалпы қазақстандық жастардың құрылымынан өзгеше емес.

Аталмыш тақырыпты егжей-тегжейлі және терең зерттеу үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет, атап айтсақ зерттеудің сапалы түрлерін қолдануға акцент жасау маңызды, себебі сандық көрсеткіштер, осындай жаппай сауалнама жүргізу, зерделенетін тақырыпты толыққанды ашуға мүмкіндік бермейді.

Қосымша

Пікіртерім жүргізу үшін сауалнама

Құрметті респондент! Меніңатым_____. Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (Астана қ.) сұхбат алушысымын. Сізді жастарға байланысты, олардың проблемаларына, оның ішінде еңбектік және әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне қатысты кейбір мәселелерді зерттеуге арналған социологиялық сауалнамаға қатысуға шақырамыз. Сіздің назарыңызға бірқатар сұрақтар мен жауап нұсқалары ұсынылған. Ұсынылған сұрақтар мен жауап нұсқаларын соңына дейін тыңдап, көңіліңізден шыққан жауапты таңдаңыз. Егер ұсынылған жауаптардың бірде-біреуі Сізді қанағаттандырмаған жағдайда өз жауап нұсқаңызды «басқа» деген жауап нұсқасының жанына жазыңыз.

**Алынған ақпарат тек жалпылама түрде ғана пайдаланатын болады
Сіздің пікіріңіздің жасырындығына және құпиялылығына кепілдік береміз**

1. Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Иә, бұл менің туып өскен жерім
2. Иә, мұнда менің отбасым тұрады
3. Жоқ, менің өз тарихи Отаным бар
4. Басқа (жазыңыз)_____

(99) Жауап беруге қиналамын

2. Сіздің өміріңіз және отбасыңыздың өмірі соңғы 2-3 жыл ішінде қаншалықты өзгерді?

1. Жақсарды
2. Жақсарған шығар
3. Өзгерген жоқ
4. Нашарлаған шығар
5. Нашарлады

(9) Жауап беруге қиналамын

3. Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?

1. Жақсарады
2. Жақсаратын шығар
3. Өзгермейді
4. Нашарлайтын шығар
5. Нашарлайды

(9) Жауап беруге қиналамын

4. Елдімекеніңіздің (қаланың, селоның) экологиялық проблемалары Сізді алаңдатады ма?

1. Иә, өте алаңдатады
2. Алаңдататын шығар
3. Алаңдатпайтын шығар
4. Жоқ

(9) Жауап беруге қиналамын

5. Сіз жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе, немесе естуіңіз бар ма?

1. Иә, білемін
2. Бір нәрсе естідім
3. Жоқ, жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін
4. Басқа (жазыңыз)_____

(9) Жауап беруге қиналамын

6. Сіз үшін өмірде ең басты құндылық не? (жауаптың үш нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Наным, дін
2. Отбасы
3. Билік
4. Достық
5. Денсаулық
6. Жан тыныштығы
7. Білім, оқу
8. Материалдық қанағаттанушылық, байлық
9. Махаббат
10. Өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі сыйлау
11. Тәуелсіздік
12. Отанға деген сүйіспеншілік
13. Қоғамда жоғары сатыны иелену
14. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

7. Сіз өз демалысыңызды, бос уақытыңызды қалай өткізесіз? (жауаптың бес нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Достармен кездесесіз
2. Теледидар көресіз
3. Музыка тыңдайсыз
4. Музыкалық концерт, фестивальдерді тамашалайсыз
5. Спортпен, фитнеспен шұғылданаңыз
6. Газет оқисыз
7. Кітап оқисыз
8. Интернет-сайттарды парақтайсыз (әлеуметтік желіден басқа)
9. Интернетте сұхбат жүргізесіз (әлеуметтік желілер, форумдар)
10. Компьютерлік ойындар ойнайсыз
11. Театр, музей, көрмелерге барасыз
12. Бар, мейрамхана, дәмхана, клуб, дискотекаларға барасыз
13. Шопинг жасайсыз
14. Волонтерлік қызметпен айналысасыз (адамдарға, жануарларға көмектесесіз, қоршаған ортаны қорғауға атсалысасыз және т.т.)
15. Ұлттық-мәдени орталықтың қызметіне араласыз
16. Қоғамдық бірлестіктің, қозғалыстың жұмысына атсалысасыз
17. Саяси партиялардың қызметіне қатысасыз
18. Шіркеуге барасыз, діни жоралғыларды атқарасыз
19. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

8. Сіз қайда тұрғанды қалар едіңіз? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Көптеген түрлі ұлттар тұратын қалада тұрғанды қалар едім
2. Негізі өз ұлтымнан тұратын қалада тұрғанды қалар едім
3. Көп түрлі ұлттар тұратын ауылда тұрғанды қалар едім
4. Негізі өз ұлтымнан тұратын ауылда тұрғанды қалар едім
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

9. Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Иә, менің сондай ойым бар
2. Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл ішінде ғана
3. Елдегі жағдайға байланысты
4. Жоқ, жоспарламаймын----- → №11СҰРАҚҚА КӨШУ
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын ----- → №11СҰРАҚҚА КӨШУ

10. Сіз неліктен басқа елге көшуді қалайсыз? (жауаптың екі нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Жұмысқа орналасу мақсатында

2. Сапалы білім алу үшін
 3. Материалдық жағдайды жақсарту үшін
 4. Өз тарихи Отаныма оралғым келеді
 5. Тілдік қиындықтарға тап болдым
 6. Менталитетімнің тұрғылықты халықтың менталитетімен сәйкес келмейді
 7. Осындағы өмір қауіпсіз болды
 8. Басқа (жазыңыз) _____
 9. Мен көшуді жоспарламаймын
- (99) Жауап беруге қиналамын

11. Қазақстанда қандай мамандықтар, Сіздің ойыңызша, ең қажетті болып табылады?

(жауаптың үш нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Аспаз
2. Бухгалтер
3. Қаржыгер
4. Экономист
5. Сату жөніндегі менеджер
6. Мектеп мұғалімі
7. Университет оқытушысы
8. Дәрігер
9. Ғалым
10. Фармацевт
11. Артис, актриса
12. Әнші, музыкант
13. Құрылысшы
14. Биші
15. Режиссер
16. IT-технолог
17. Саясаткер
18. Заңгер
19. Дипломат
20. Кәсіпкер
21. Қоғамдық қайраткер
22. Депутат
23. Инженер
24. Ұшқыш
25. Суретші
26. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

12. Сіз қай мамандық бойынша жұмыс істегенді қалар едіңіз? Сізқалайтын мамандық қандай? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Аспаз
2. Бухгалтер
3. Қаржыгер
4. Экономист
5. Сату жөніндегі менеджер
6. Мектеп мұғалімі
7. Университет оқытушысы
8. Дәрігер
9. Ғалым
10. Фармацевт
11. Артис, актриса
12. Әнші, музыкант
13. Құрылысшы
14. Биші
15. Режиссер
16. IT-технолог
17. Саясаткер

18. Заңгер
19. Дипломат
20. Кәсіпкер
21. Қоғамдық қайраткер
22. Депутат
23. Инженер
24. Ұшқыш
25. Суретші
26. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

13. Сіз жастар субмәдениеті (рокер, панк, эмо, жанкүйерлер және т.т.) деп аталатын формалды емес бірлестіктер өкілдері болып табылатын жастарға қалай қарайсыз?

1. Оң
2. Бейтарап
3. Теріс
4. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

14. Сіздің ойыңызша, жастарды формалды емес бірлестіктер, топтар қатарына кіруге нендей себептер итермелейді?

1. Ата-аналармен түсініспеушілік, ересек адамдармен қиындықтар
2. Өз беделін көтеруге ұмтылу
3. Бостандыққа ұмтылу, тәуелсіздік
4. Жалғыздық
5. Басқаларға еліктеу, топтасу
6. Өзін, өз қабілеттерініске асыру
7. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

15. Сіз формалды емес бірлестіктер жастарға өздерінің азаматтық позицияларын, өздерінің пікірлерін көрсетуге көмектеседі деп есептейсізбе?

1. Иә
2. Көмектесетін шығар
3. Көмектеспейтін шығар
4. Жоқ
5. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

16. Төмендегі қай пікірмен Сіз келісесіз, қайсысымен - келіспейсіз?

	Келісемін	Келісетін шығармын	Келіспейтін шығармын	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
1) Жарды өз ұлтыңның адамдары арасынан таңдаған дұрыс	1	2	3	4	9
2) Басқа мәдениет, басқа салттар, әдеттерді ұстанатын адамдар қоршаған адамдарды қорқытады немесе мазасыздандырады	1	2	3	4	9
3) Ұлттық белгілер бойынша барлық құқықтарды шектеу түрлері заңсыз деп танылу және қатаң жазалануы тиіс	1	2	3	4	9
4) Кез келген ұлтаралық қақтығысты ымыраға келу және өзара келісімге келу	1	2	3	4	9

арқылы шешуге болады					
5) Ең бастысы азшылдықта қалған және басқаларға ұқсас емес көзқарас және мінез-құлық танытатындардың құқықтарын қорғау маңызды	1	2	3	4	9
6) Әр ұлттың өкілдері өз ата-бабаларының жерлерінде тұрулары тиіс	1	2	3	4	9
7) Көпұлтты мемлекетте саяси билік тұрғылықты көпшілік халықтың қолында болуы тиіс	1	2	3	4	9

17. Сіз ұлтаралық некелерге қалай қарайсыз? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Оң, ұлтаралық некелер Қазақстан халқын біріктіре түседі
2. Оң деп ойлаймын, өйткені өмірлік жұбайын таңдағанда ұлттың (бір ұлттық топтың) еш маңызы жоқ
3. Бейтарап, әр адам өзіне жар ерікті таңдау құқықтарына ие
4. Теріс деп ойлаймын, ұлтаралық некелер проблемалар тудырады
5. Теріс, ұлтаралық некелер ажырасуға апарды

(99) Жауап беруге қиналамын

18. Қазіргі уақытта Сіз жұмыс істейсіз бе әлде оқисыз ба?

1. Мектепте оқимын -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ
2. ЖОО, колледжде оқимын -----→ №19 СҰРАҒЫНА КӨШУ
3. Оқимын және жұмыс істеймін -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ
4. Жұмыс істеймін -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ
5. Жұмыс істемеймін және жұмыс іздемеймін -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ
6. Оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрмін -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ

(9) Жауап беруге қиналамын -----→ №20 СҰРАҒЫНА КӨШУ

19. ЖОО, колледжді аяқтағаннан кейін Сіз өз мамандығыңыз бойынша жұмыс табатыныңызға қаншалықты сенімдісіз?

1. Таба алатыныма сенімдімін
2. Жоқ дегеннен гөрі таба алатын сияқтымын
3. Иә дегеннен гөрі таба алмайтын сияқтымын
4. Таба алатыныма сенімді емеспін

(9) Жауап беруге қиналамын

20. Сіз қалай есептейсіз, жастардың Сіздің аймақта, қалада жұмысқа орналасуларына не кедергі болады? (жауаптың үш нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Жас мамандардың еңбек нарығында бісекеге қабілеттілігі төмен
2. Алған білімнің бос орынның қызмет ету талаптарына сәйкес келмеуі
3. Жұмыс тәжірибесінің болмауы
4. Парақорлық, жұмыс берушілердің сыбайлас жемқорлығы
5. Ұлттық белгілер бойынша дискриминациялау
6. Адамның әйел немесе ер адамның болуы жағынан дискриминациялануы
7. Денсаулық жағдайы
8. Төмен жалақы
9. Жас баланың болуы
10. Жас мамандардың жоғары амбициялары
11. Тұрғылықты мекенжайы бойынша бос жұмыс орындарының болмауы
12. Басқа (жазыңыз) _____
13. Еш кедергі жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

21. Сіздің ойыңызша, адамның кәсіпқойлық қызметінде жетістіктерге қол жеткізуге қандай қабілет қамтамасыз етеді? (жауаптың үш нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Жұмысқабілеттелік
2. Байланыстар мен таныстық
3. Кәсіпқойлылық, жігерлілік
4. Жоғары кәсіптілік
5. Жақсы білім
6. Жауапкершілік
7. Талант
8. Патриотизм
9. Ұжыммен жұмыс істеу
10. Адал еңбек
11. Тартымды келбет
12. Өзгерістерге дайын болу
13. Сәттілік
14. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

22. Сіз тұрып жатқан елдімекенде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қалай дамып келе жатыр деп есептейсіз?

1. Өзара сыйластыққа негізделген достық қарым-қатынас
2. Бейбіт, тыныш қарым-қатынас
3. Бейтарап, әр адам өз бетінше және ешкімге ұлттарда жұмысы жоқ
4. Сенбеушілік, күдіктілік
5. Дұшпандық, агрессиялық, қақтығыстық
6. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

23. Сіз тұрып жатқан елдімекенде соңғы жыл ішінде түрлі ұлттар арасындағы қарым-қатынас қаншалықты өзгеріске ұшырады деп есептейсіз?

1. Айтарлықтай жақсарды
2. Жақсарды деп ойлаймын
3. Өзгерген жоқ
4. Нашарлады деп ойлаймын
5. Айтарлықтай нашарлады

(9) Жауап беруге қиналамын

24. Қалай есептейсіз, Қазақстанда Сіздің ұлтыңыздың мәдениеті, тілі, дәстүрлерін сақтау кімге байланысты? (жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

1. Қолдауға, мемлекет тарапынан осы мәселеге деген көзқарасына
2. Мектеп, оқу мекемелеріне
3. Ұлттық мәдениетін сақтап, өз балаларына табыстап отырған отбасына
4. Ұлттық-мәдени орталықтарға
5. Қазақстан халқы Ассамблеясына

(9) Жауап беруге қиналамын

25. Жеке өзіңіз ұлттық-мәдени орталықтар өткізетін шараларға қатысып көрдіңіз бе?

1. Бірнеше рет қатыстым
2. Бірқатар
3. Жоқ
4. Бізде осындай шаралар өткізілмейді

(9) Жауап беруге қиналамын

26. Жақсы жұмысқа орналасу үшін Сіз басқа аймаққа немесе елге көшуге дайынсыз ба? (әр баған бойынша жауаптың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

№		Иә	Жоқ
А	Қазақстанның басқа аймағына	1 (қайда жазыңыз) _____	2

В	Басқа елге	1 (қайда жазыңыз)	2
----------	------------	-------------------	---

27. Сіздің меншігіңізге, денсаулығыңызға немесе өміріңізге нақты қауіп төнген жағдайда Сіз көмек алу үшін кімге жүгінер едіңіз? (жауаптың екі нұсқасына дейін белгілеңіз)

1. Отбасына, туыстарыма
2. Достарым, таныстарыма
3. Құқық қорғау органдарына (полиция, ПД және т.т.)
4. Жергілікті билік органдарына
5. Бұқаралық ақпарат құралдарына (телевидение, баспа өнімдері, радио)
6. Саяси партиялар, қозғалыстарға
7. Қоғамдық ұйымдар, қозғалыстарға
8. Өз ұлттық-мәдени қауымдастыққа
9. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

28. Қалай есептейсіз, тұрғындардың көпұлттылығы Қазақстанның дамуына оң немесе теріс ықпал етеді ме?

1. Оң ықпал етеді, көпұлттылық – басқа елдерге қарағанда бұл Қазақстанның басымдылығы, ол қоғамды, мәдениетті байытады, елдің дамуына ықпал етеді
2. Еш ықпал етпейді
3. Теріс, тұрғындардың көпұлттылығы проблемалар, қақтығыстар тудырып, Қазақстанның дамуына кедергі келтіреді
4. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

29. Қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық қақтығыстар туындау қауіпі бар ма?

1. Жоқ, біздің елде ұлтаралық қақтығыстардың болуы екіталай
2. Шағын, болмашы тұрмыстық қақтығыстар
3. Ұлтаралық қақтығыстар болу қауіпі бар, оған көптеген адам қатысуы мүмкін

(9) Жауап беруге қиналамын

30. Сіз тұрып жатқан елдімекенде ұлтаралық қақтығыстың себебі болуы мүмкін нені белгілер едіңіз? (үш жауап нұсқасынан артық нұсқасын белгілемеңіз)

1. Баспасөзде ұлттық сезімдерге нұқсан келтіретін материалдардың жарыққа шығуы
2. Көшіп келушілердің көп болуы, келушілермен тұрғылықтытұрғындардың тыныштығын бұзуы
3. Түрлі ұлттар арасындағы нашар қарым-қатынас, ертеден келе жатқан жек көрушілік
4. Қоғамдық орындарда жастардың ерсі, бұзақылық мінез-құлықтары,
5. Мемлекеттік тілді білудегі қиындықтар, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру
6. Түрлі ұлт өкілдері кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік
7. Ұлттық белгілер бойынша құқықтардың бұзылуы, ұлттық негіз тұрғысынан жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе жұмыстан босату, жұмыстағы дискриминациялау
8. Ұлттық қылмыстылық топтарының, ұлттық криминалды элементтердің әрекеттері
9. Провокациялар, ұлтшыл ұйымдардың күрт әрекеттері

(99) Жауап беруге қиналамын

31. Жеке өз басыңыз соңғы жыл ішінде ұлттық ерекшелікке байланысты құқықтарыңыздың кемсітулерін кезіктірдіңіз бе?

1. Иә, өзім бірнеше рет бастан өткіздім
2. Ұлттық ерекшелікке байланысты менің құқықтарым бұзылған жеке жағдайлар болды
3. Жоқ, ондай оқиға болған емес
4. Өз басым ондай жағдайды бастан кешірмедім, алайда осындай жағдайларды бастарын өткізген адамдарды білемін
5. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

32. Егер Сіздің ұлтыңыздың құқықтары жүйелі түрде бұзылатын болса, Сіз қандай қадамдарға барасыз?

1. Занды түрде өз құқықтарымды сот, құқыққорғау органдары арқылы қорғаймын
2. Елден көшіп кетемін
3. Өз ұлтымның құқықтары үшін күшті қолдану керек болса да, кез келген тәсілдермен күресетін боламын
4. Жеке өзім ешнәрсе істей алмаймын, бірақ менің ұлтымның мүдделерін қорғайтын адамдар табылатынын білемін
5. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

33. Қазақстан бірінші кезекте қай елдермен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуы тиіс, мемлекеттен тыс халықаралық ұйымдар шеңберінде бірігуі тиіс деп санайсыз? (екі жауап нұсқасынан артық нұсқасын белгілемеңіз)

1. Еуропалық Одақпен
2. Қытаймен
3. Ресеймен
4. АҚШпен
5. Орталық Азия елдерімен
6. Мұсылман елдермен
7. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

34. Сіз қалай есептейсіз, кім бүгін жастар үшін абыройға бөленген, идеал болуы мүмкін? Мысалы, белгілі спортшы, саяси қайраткер, басқа белгілі, немесе, керісінше, белгісіз адам? (өз жауабыңызды жазыңыз)

Және Сіз туралы тағы бірнеше сұрақ

D1. Жынысыңызды белгілеңіз: 1. Ер 2. Әйел

D2. Сіз толық неше жастасыз? (сыйпырмен жазыңыз) / _____ / жас

D3. Сіздің ұлтыңыз?

1. Қазақ
2. Орыс
3. Басқа (жазыңыз) _____

D4. Сіздің біліміңіз:

1. Жоғары
2. Аяқталмаған жоғары
3. Орта арнаулы, кәсіптік
4. Жалпы орта
5. Аяқталмаған орта
6. Білімі жоқ

D5. Айтыңызшы, Сіз қайда тұрасыз?

1. Ата-анамен, туыстармен бірге тұрамын
2. Өз үйімде, пәтерімде тұрамын
3. Жалдамалы пәтерде, бөлмеде, жатақханада тұрамын
4. Басқа (жазыңыз) _____

(9) Жауап беруге қиналамын

D6. Сіздің отбасылық жағдайыңыз?

1. Үйленгенмін, тұрмыс құрғанмын
2. Ресми тіркеусіз бірге тұрамыз
3. Үйленбегенмін, тұрмыс құрмағанмын
4. Жесірмін
5. Ажырасқанмын

(9) Жауап беруге қиналамын

D7. Өз отбасыңыздың материалдық жағдайын қалай бағалар едіңіз?

1. Бізге қаражат азық-түлік сатып алуға да жетпейді
2. Қаражат тек ең қажетті азық-түлік пен тауарды сатып алуға жетеді (азық, коммуналдық қызметті төлеу, дәрі-дәрмек)
3. Қаражат тамақ алуға және ең қажетбасқа шығындарға, киім және ұсақ тұрмыстық техниканы сатып алуға жетеді, бірақ қазір тоназытқыш немесе кір жуғыш машина сатып алуға қиынға соғады
4. Қаражат ең қажет шығындарға, киім және ірі тұрмыс техникасын сатып алуға жетеді, бірақ жаңа көлік сатып алуға жетпейді
5. Қаражат жылжымайтын мүліктен басқасының (саябақ немесе пәтер) барлығына жетеді
6. Материалдық қиыншылық жоқ. Қажет болса біз саябақ, пәтер сатып алуға жағдайымыз бар

(9) Жауап беруге қиналамын

Сызбалы бөлінулер (жастардың жауаптары)

Сіз Қазақстан менің Отаным деп айта аласыз ба?

	Саны	%
Иә, бұл менің туып өскен жерім	1513	75,6
Иә, мұнда менің отбасым тұрады	404	20,2
Жоқ, менің өз тарихи Отаным бар	63	3,1
Жауап беруге қиналамын	21	1

Сіздің өміріңіз және отбасыңыздың өмірі соңғы 2-3 жыл ішінде қаншалықты өзгерді?

	Саны	%
Жақсарды	518	25,9
Жақсарған шығар	581	29
Өзгерген жоқ	673	33,6
Нашарлаған шығар	139	6,9
Нашарлады	43	2,1
Жауап беруге қиналамын	47	2,3

Сіз қалай есептейсіз, Сіздің өміріңіз алдағы жылда қаншалықты өзгереді?

	Саны	%
Жақсарады	561	28
Жақсаратын шығар	674	33,7
Өзгермейді	489	24,4
Нашарлайтын шығар	78	3,9
Нашарлайды	18	0,9
Жауап беруге қиналамын	181	9

Елді мекеніңіздің (қаланың, ауылдың) экологиялық мәселелері Сізді алаңдатады ма?

	Саны	%
Иә, өте алаңдатады	724	36,2
Алаңдататын шығар	812	40,6
Алаңдатпайтын шығар	238	11,9
Жоқ	192	9,6
Жауап беруге қиналамын	35	1,7

Сіз жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы білесіз бе, немесе естуіңіз бар ма?

	Саны	%
Иә, білемін	454	22,7
Бір нәрсе естідім	917	45,8
Жоқ, жастарды қолдауға және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ешнәрсе білмеймін	568	28,4
Басқа	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	61	3

Сіз үшін өмірде ең басты құндылық не?

	Саны	%
Наным, дін	181	9
Отбасы	1674	83,7
Билік	62	3,1

Достық	478	23,9
Денсаулық	1232	61,6
Жан тыныштығы	168	8,4
Білім, оқу	328	16,4
Материалдық қанағаттанушылық, байлық	603	30,1
Махаббат	311	15,5
Өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі сыйлау	263	13,1
Тәуелсіздік	140	7
Отанға деген сүйіспеншілік	81	4
Қоғамда жоғары сатыны иелену	54	2,7
Жұмыс	2	0,1
Жауап беруге қиналамын	14	0,7

Сіз өз демалысыңызды, бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

	Саны	%
Достармен кездесесіз	1454	72,7
Теледидар көресіз	996	49,8
Музыка тыңдайсыз	861	43
Музыкалық концерт, фестивальдерді тамашалайсыз	116	5,8
Спортпен, фитнеспен шұғылданасыз	565	28,2
Газет оқисыз	200	10
Кітап оқисыз	499	24,9
Интернет-сайттарды парақтайсыз (<i>әлеуметтік желіден басқа</i>)	419	20,9
Интернетте сұхбат жүргізесіз (<i>әлеуметтік желілер, форумдар</i>)	1046	52,3
Компьютерлік ойындар ойнайсыз	298	14,9
Театр, музей, көрмелерге барасыз	121	6
Бар, мейрамхана, дәмхана, клуб, дискотекаларға барасыз	297	14,8
Шопинг жасайсыз	189	9,4
Ұлттық-мәдени орталықтың қызметіне араласыз	48	2,4
Қоғамдық бірлестіктің, қозғалыстың жұмысына атсалысасыз	31	1,5
Саяси партиялардың қызметіне қатысасыз	28	1,4
Шіркеуге барасыз, діни жоралғыларды атқарасыз	8	0,4
Ұлттық-мәдени орталықтың қызметіне араласыз	92	4,6
Басқа	2	0,1
Бос уақытым жоқ	1	0,1
Бала тәрбиелеймін	24	1,2
Машинаның жұмыстарымен айналысамын	1	0,1
Ғылыммен айналысамын	1	0,1
Табиғатта серуендеймін	5	0,2
Үй жұмысымен айналысамын	6	0,3
Жауап беруге қиналамын	31	1,5

Сіз қайда тұрғанды қалар едіңіз?

	Саны	%
Көптеген түрлі ұлттар тұратын қалада тұрғанды қалар едім	1372	68,6
Негізі өз ұлтымнан тұратын қалада тұрғанды қалар едім	189	9,4
Көп түрлі ұлттар тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	267	13,3
Негізі өз ұлтымнан тұратын ауылда тұрғанды қалар едім	57	2,8

Басқа	1	0,1
Қандай ұлт өкілі екені маңызды емес, и ең бастысы жақсы адамдар болса	13	0,6
Астанада тұрғанды	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	101	5

Алдағы уақытта Сіз тұрақты түрде тұру үшін басқа елге көшуді жоспарлап отырсыз ба?

	Саны	%
Иә, менің сондай ойым бар	275	13,7
Иә, мүмкін, бірақ алдағы үш жыл ішінде ғана	188	9,4
Елдегі жағдайға байланысты	305	15,2
Жоқ, жоспарламаймын	1172	58,6
Басқа	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	60	3

Сіз неліктен басқа елге көшуді қалайсыз?

	Саны	%
Жұмысқа орналасу мақсатында	257	33,4
Сапалы білім алу үшін	171	22,2
Материалдық жағдайды жақсарту үшін	272	35,4
Өз тарихи Отаныма оралғым келеді	61	7,9
Тілдік қиындықтарға тап болдым	70	9,1
Менталитетімнің тұрғылықты халықтың менталитетімен сәйкес келмейді	39	5,1
Осындағы өмір қауіпсіз болды	33	4,3
Мен көшуді жоспарламаймын	53	6,9
Көпшілік мемлекеттік тонаудан қашып кеткім келеді	1	0,1
Жаңа тәжірибе жинағым келеді	1	0,1
Балалардың болашағы үшін	1	0,1
Ғылыммен жұмыс жасау үшін	1	0,1
Жақын туыстарымен бірге болу	2	0,3
Жауап беруге қиналамын	53	6,9

Қазақстанда қандай мамандықтар, Сіздің ойыңызша, ең қажетті болып табылады?

	Саны	%
Аспаз	234	11,7
Бухгалтер	390	19,5
Қаржыгер	292	14,6
Экономист	262	13,1
Сату жөніндегі менеджер	247	12,3
Мектеп мұғалімі	557	27,8
Университет оқытушысы	110	5,5
Дәрігер	960	48
Ғалым	117	5,8
Фармацевт	139	6,9
Әртіс	43	2,1
Әнші, музыкант	35	1,7
Құрылысшы	350	17,5
Биші	19	0,9
Режиссер	34	1,7
IT-технолог	291	14,5
Саясаткер	81	4
Заңгер	247	12,3

Дипломат	64	3,2
Кәсіпкер	220	11
Қоғамдық қайраткер	66	3,3
Депутат	83	4,1
Инженер	204	10,2
Ұшқыш	49	2,4
Суретші	15	0,7
Басқа	2	0,1
Жұмысшы	14	0,7
Полиция, әскери	4	0,2
Кинолог	1	0,1
Дизайнер	1	0,1
Сатушы	2	0,1
Энергетик	3	0,1
Агроном	2	0,1
Жүргізіші	4	0,2
Психолог	1	0,1
Күтуші, медбике	2	0,1
Жауап беруге қиналамын	116	5,8

Сіз қай мамандық бойынша жұмыс істегенді қалар едіңіз? Сіз қалайтын мамандық қандай?

	Саны	%
Аспаз	89	4,4
Бухгалтер	102	5,1
Қаржыгер	72	3,6
Экономист	70	3,5
Сату жөніндегі менеджер	101	5
Мектеп мұғалімі	163	8,1
Университет оқытушысы	43	2,1
Дәрігер	222	11,1
Ғалым	25	1,2
Фармацевт	45	2,2
Артіс	41	2
Әнші, музыкант	25	1,2
Құрылысшы	72	3,6
Биші	15	0,7
Режиссер	18	0,9
IT-технолог	105	5,2
Саясаткер	18	0,9
Заңгер	101	5
Дипломат	28	1,4
Кәсіпкер	178	8,9
Қоғамдық қайраткер	22	1,1
Депутат	31	1,5
Инженер	119	5,9
Ұшқыш	14	0,7
Суретші	24	1,2
Басқа	7	0,3
Стилист	10	0,5
Әкімгер	3	0,2
Жаттықтырушы	6	0,3
Кенші	1	0,1
Әскер	7	0,3

Автослесарь	8	0,4
Жүргізуші	9	0,4
Эколог	1	0,1
Сантехник	1	0,1
Агроном	7	0,3
Энергетик	5	0,2
Орманшы	2	0,1
Өрт сөндіріші	1	0,1
Жұмысшы	15	0,7
Дизайнер	4	0,2
Сәулетші	2	0,1
Тіл маманы	3	0,1
Психолог	3	0,1
Зергер	3	0,1
Аудармашы	4	0,2
Экскурсия жетекшісі	1	0,1
Кинолог	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	154	7,7

Сіз жастар субмәдениеті (рокер, панк, эмо, жанкүйерлер және т.т.) деп аталатын формалды емес бірлестіктер өкілдері болып табылатын жастарға қалай қарайсыз?

	Саны	%
Оң	242	12,1
Бейтарап	1043	52,1
Теріс	666	33,3
Басқа	2	0,1
Жауап беруге қиналамын	48	2,4

